

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім
беруді дамыту стратегиясы**

Әдістемелік ұсынымдар

**Стратегия развития дополнительного образования детей в
Республике Казахстан**

Методические рекомендации

Астана – 2015

Әдістемелік ұсынымдар «Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамыту стратегиясы» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015, - 138 бет.

Методические рекомендации «Стратегия развития дополнительного образования детей в Республике Казахстан» (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2015, - 138 стр.

Осы әдістемелік ұсынымдарда Қазақстандағы балаларға арналған қосымша білім беру жүйесін дамытудың кешенді стратегиясы, онда балаларға қосымша білім беру бағытын дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері, қосымша білім берудің қазіргі жағдайы мен мәселелері, негізгі механизмдері және оны дамыту бағыттары, стратегияны жүзеге асыруда күтілетін нәтижелер ұсынылған.

Стратегия балаларға қосымша білім берудегі мемлекет саясатының негізгі принциптерін, оның ішінде қосымша білім сапасына және мемлекеттік әлеуметтік кепілдеме бере отырып, қоғамдық-мемлекеттік әріптестік принциптерін, мүмкіндігінше осы секторға нарық тетіктерін енгізу арқылы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік принциптерін қолдануды айқындайды.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлерге және ата-аналарға ұсынылады.

В методических рекомендациях представлена целостная Стратегия развития системы дополнительного образования детей в Казахстане, где определены основные цели и задачи развития дополнительного образования детей, состояние и проблемы дополнительного образования, основные механизмы и направления его развития, ожидаемые результаты реализации Стратегии.

Стратегия определяет основные принципы государственной политики развития дополнительного образования детей, в том числе принцип социальной гарантии государства на качественное и безопасное дополнительное образование, принцип общественно-государственного партнерства, внедрения рыночных механизмов и использования принципов государственно-частного партнерства в данной сфере.

Методические рекомендации адресованы руководителям, методистам, педагогам организаций образования и родителям.

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного
образования (Протокол №2 от 21 мая 2015 года)*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2015

Мазмұны

1.	Кіріспе	5
2.	Қазақстандағы балаларға қосымша білім берудің заманауи жүйесінің даму ерекшеліктері	9
3.	Қосымша білім беру жүйесінің әлемдік даму үрдістері	21
4.	Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы	36
5.	Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың мақсаты, міндеттері мен ұстанымдары	58
6.	Балаларға қосымша білім берудің даму тетіктері:	61
	<i>1. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің заңнамалық және нормативтік құқықтық базасын жетілдіру</i>	
	<i>2. Балаларды қосымша білім берумен барынша қамтуға жағдай жасау</i>	
	<i>3. Балаларға қосымша білім берудің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын және технологияларын жетілдіру есебінен балаларға қосымша білім берудің сапасын, тиімділігін қамтамасыз ету</i>	
	<i>4. Педагогикалық және басқарушы қызметкерлердің, сонымен қатар балаларға қосымша білім беру жүйесі бейіні бойынша мамандардың әлеуметтік дәрежесін арттыру және кәсіби жетілдіру</i>	
	<i>5. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің басқару тиімділігін арттыру</i>	
	<i>6. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің заманауи инфрақұрылымын құру, материалдық-техникалық базасын нығайту, экономикалық қарым-қатынастарды жетілдіру</i>	
	<i>7. Дарынды балаларға қолдау көрсету жүйесін дамыту</i>	
7.	Балаларға қосымша білім беруді дамытудан күтілетін нәтижелер	67
8.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық эффектілер	69
9.	Қолданылған әдебиет	71

Содержание

1.	Введение	73
2.	Особенности развития современной системы дополнительного образования в Казахстане	77
3.	Мировые тенденции развития системы дополнительного образования	90
4.	Современное состояние системы дополнительного образования детей в Республике Казахстан	105
5.	Цель, задачи и принципы развития системы дополнительного образования детей	128
6.	Механизмы развития дополнительного образования детей:	130
	<i>1. Совершенствование законодательной и нормативной правовой базы системы дополнительного образования детей</i>	
	<i>2. Создание условий для наибольшего охвата детей дополнительным образованием</i>	
	<i>3. Обеспечение качества, эффективности дополнительного образования детей за счет совершенствования содержания, организационных форм и технологий дополнительного образования детей</i>	
	<i>4. Повышение социального статуса и профессиональное совершенствование педагогических и руководящих работников, также специалистов по профилю системы дополнительного образования детей</i>	
	<i>5. Повышение эффективности управления системой дополнительного образования детей</i>	
	<i>6. Создание современной инфраструктуры системы дополнительного образования детей, укрепление материально-технической базы, совершенствование экономических отношений</i>	
	<i>7. Развитие системы поддержки талантливых детей</i>	
7.	Ожидаемые результаты развития дополнительного образования детей	137
8.	Социально-экономические эффекты в Республике Казахстан	139
9.	Использованная литература	141

Кіріспе

XXI ғасырдың үшінші онжылдығында Қазақстан әлемнің дамыған елдері қатарына енуді көздеп отыр. Бұл жағдайларда қазақстандықтардың өскелең ұрпағына зор жауапкершілік жүктелуде, олардың алдында ұлттық бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру, XXI ғасырда Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен беделінің артуын қамтамасыз ету міндеттері тұр.

Негізгі қоғамдық капитал – адам капиталын белсенді дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі «технологиялық серпінге» әзір жаңа ұрпақты дайындау, оларды ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты іске асыруға тарту болып табылады. Адам капиталы экономикалық өсімнің негізгі факторы болып табылатыны айдан анық, ол денсаулықтың және тұрмыстың жақсаруы сияқты экономикалық емес пайданың кең спектрімен байланысты.

Мұндай нәтижелерге жету үшін білім беру жүйесін адам капиталына деген жалпы әлемдік талаптарға жауап беретін, қазақстандық қоғамның ауқымды міндеттерді шешу үшін жұмылуын қамтамасыз ететін заманауи құзіреттіліктерді игеруге бағыттау керек. Сондықтан адам капиталына инвестиция салу – балалар мен жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту, оларды өз-өздерін табысты жүзеге асыруға тарту мұндай инвестициялау үшін маңызды мүмкіндік және тиімді технология сияқты Қосымша білім беруді дамыту стратегиясының (бұдан әрі - Стратегия) орталық элементіне айналуы тиіс.

Қазіргі жағдайда балалардың мектеп білімі аясында үнемі іске асырыла бермейтін салалардағы танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты білім беру іс-әрекеті кең қанат жайып келеді. Демократиялық реформалар тудырған отандық білім беру саласындағы жаңа құбылыстар қатарында барынша маңыздылардың бірі деп толық негізде балаларға қосымша білім беруді атауға болады. Балаларға қосымша білім берудің құндылығы сол, ол жалпы білім берудің вариативті құрамын күшейтеді, жасөспірімдерге өз-өздерін кәсіби бағдарлауда көмектеседі, балалардың мектепте алған білімдері мен күш-қуаттарын іске асыруға септеседі.

Қосымша білім беру жағдайында балалар өздерінің

шығармашылық әлеуеттерін, қазіргі қоғамға бейімделу дағдыларын дамыта алады және бос уақытты толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігін алады.

Қосымша білім беру міндеттерін іске асыра отырып, мектеп бір жағынан білім беру стандартын игеру, ал екінші жағынан – білім беруді жаңғыртудың маңызды ұстанымы ретінде жарияланған білім беруді ізгілендірудің негізі болып табылатын тұлғаның еркін дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі арасындағы қарама-қайшылықты шешеді.

Балаларға қосымша білім беру мәселесінің өзектілігі бүгінгі таңда сөзсіз, өйткені ол балаларға білім берудің мәнін жаңаша түсінумен тікелей байланысты. Балаларға қосымша білім беру жүйесі қазіргі жағдайларда білім беру кеңістігінің аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, оны мұқият ойластырылған және тексерілген талаптар негізінде ұйымдастыру дарынды балаларды қолдаумен және дамытумен қамтамасыз ете отырып, балалық шақ дағдарысын енсеруге көмектесуі мүмкін.

Қазақстандағы қосымша білім берудің жылдар бойғы қалыптасу тарихы және қазіргі жағдайына талдау оның төмендегі өзара әрекет етуші элементтер жиынтығынан тұратын белгілі бір жүйе ретінде қарастырыла алатынын көрсетеді: түрлі деңгейдегі және бағыттағы білім беру бағдарламалары; балаларға қосымша білім беру ұйымдары; білім беруді басқару органдары; қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырушы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері.

Аталмыш Стратегияны әзірлеу қосымша білім беру сапасын арттыруға, жаңа экономикалық және мәдени-әлеуметтік жағдайлардағы қазақстандық қосымша білім беру жүйесі алдында тұрған стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған түбегейлі өзгерістердің қажеттігінен туындаған.

Стратегия мемлекеттік тәуелсіздікті қалыптастыру мен нығайтудың, елді ілгері дамытудың іргелі құрамдас бөлігі ретіндегі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен міндеттерін, оларды іске асырудың тегершіктерін анықтайтын құжат болып табылады.

Зияткерлік капитал, еңбек адамы, инновациялық ойлау жаңа Қазақстанның басты құндылығына айналуда. Олар Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде,

бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген стратегиялық бағытпен үйлесуі тиіс.

Қосымша білім беруді дамыту стратегиясы елдегі қосымша білім берудің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өскелең ұрпақты әлеуметтендірудің және өзін-өзі дамытудың негізгі міндеттерін шешуге бағытталған және Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарымен, Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен және т.б. анықталған Қазақстанның тәрбие беру саясатының негізгі ұстанымдарын дамытады.

Стратегия атқарушы биліктің мемлекеттік органдарының, қоғамның, бизнес-қауымдастықтардың балаларға қосымша білім беруге және тәрбиелеуге деген назарларын күшейтуге, сабақтан тыс уақытты тиімді ұйымдастыруға, балалар мен жастар ортасындағы жат құбылыстарға қарсылық көрсетуге, балалар құқығының сақталуын қасптамасыз етуге бағытталған.

Ашықтыққа, ұшқырлыққа және икемділікке ие балаларға қосымша білім беру жүйесі баланың, оның отбасының, қоғамның, мемлекеттің мүддесіне орай «уақыт талабына» жылдам әрі дәлме-дәл әрекет етуге қауқарлы. Қазіргі уақытта балаларға қосымша білім беру «Қазақстандық білім берудің таяу уақыттағы даму аумағы» ретінде қарастырылады.

Стратегия Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беруді дамытудың құнды-мағыналық, мақсатты, мазмұнды және нәтижелі басым бағыттарын анықтайды.

Тұлғаның дамуға және өзін-өзі іске асыруға құқықтарын қамтамасыз ету, балалар мен жастардың түрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін мүмкіндіктерді кеңейту, олардың мотивациялық әлеуеттерін, тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің бәсекеге қабілеттіліктерін дамыту мақсаттарында ұйымдастырушылық-педагогикалық, әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік іс-шаралар кешенінен тұратын Стратегияны қабылдау қажеттілігі туындайды.

Қазақстанның индустриалдық қоғамнан постиндустриалдық

ақпараттық қоғамға көшу жағдайында адамға қосымша білім беру жүйесіне, өскелең ұрпаққа қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы адамды әлеуметтендіруге және өзін-өзі дамытуға талаптар күшейе түседі. Адамның дамуға және іс-әрекеттің сан түрін еркін таңдауға деген құқығын барынша толық қамтамасыз ететін ашық білім беру ретіндегі қосымша білім берудің мұратын қоғамдық түсінудің қажеттілігіне барынша маңыз берілуде, қосымша білім балалардың, жеткіншектер мен жастардың тұлғалық және кәсіби тұрғыда өз-өздерін анықтауларына көмектеседі.

Бүгінде ақпараттың жаңа арналары мен көздері пайда болуымен мектеп білімді, дағдыларды және жүріс-тұрыс үлгілерін қалыптастыруға деген монополиядан айырылуда. Формальды білім беру аясынан шығу, басқа әлеуметтік институттар мүмкіндіктерін қолдану қажет.

Стратегияны іске асыру қосымша білім беру инфрақұрылымының тартымдылығын арттыруға және негізгі даму аспектілерін қамтамасыз етуге, осы саланы мемлекеттік реттеудің және қолдаудың тиімді тегершіктерін құруға септесетін болады.

Стратегия Қазақстан Республикасы балаларына қосымша білім берудің сапасын жетілдіру бойынша іс-әрекеттердің мақсаттылығын, тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстандағы қазіргі қосымша білім беру жүйесінің даму ерекшеліктері

Қазақстанда балаларға қосымша білім беру және тәрбие беру саласы ХХ ғасырдың 90-шы жылдардың басына дейін кеңестік білім беру жүйесінде зор маңызға ие болды. Балалардың басым көпшілігі аталмыш үрдіске тартылды. Бұған екі фактор себеп болды: **біріншісі** – тегін қосымша білім беру, **екіншісі** – мамандандырылған білім берудің таралым кеңдігі.

ХХ ғасырдың соңында – ХХІ ғасырдың басында мектептен тыс тәрбие берудің балаларға қосымша білім беру жүйесіне трансформациялануы Қазақстанның демократиялық және құқықтық мемлекетке, нарықтық экономикаға көшу міндеттерімен байланысты.

Осы көшу үрдісі кезінде тұлға мен қоғам үшін сан түрлі формальды емес құрылымдардың, бірінші кезекте, қосымша білім берудің мәні артты, қосымша білім берудің негізгі мақсаты – балалардың үнемі өзгеріп тұратын жеке мәдени-әлеуметтік және білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Тәжірибе көрсеткендей, адамның біліміне деген талаптар тек базалық біліммен ғана қанағаттандырылмайды. Базалық білім қосымша формальды емес білім беруге барынша мұқтаж, қосымша білім адамның бейімдерін, қабілеттерін және қызығушылықтарын дамытудың, оның әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауының басты факторларының бірі болып отыр және болып қала береді.

Республикада алғаш рет балаларға негізгі (базалық) және қосымша білім беру тең құқылы, бір-бірін өзара толықтырушы компоненттер ретінде қарастырылуда және осылайша әр баланың толыққанды жеке дамуы үшін қажет бірыңғай білім беру кеңістігін құруда. Мұндай жағдайларда мектеп оқушыларды дамытуға зияткерлік ауықтушылықты еңсеріп, олардың қоғамда табысты әлеуметтенулері үшін негіз құрай алады.

Жаңа буындағы білім беру стандарттарын енгізу жағдайларында балаларға қосымша білім беруді негізгі жалпы білім беру бағдарламаларына енгізудің өзектілігі мектепте алынған білім, іскерлік пен дағдыны тәжірибеде қолдануға септігін тигізетін жалпы білімнің вариативті құрамдас бөлігін күшейту, оқушылардың танымдық

мотивацияларын ынталандыру қажеттігімен байланыстырылады.

Мектеп сабағындағы оқу үрдісінде қосымша білім беру жүйесіне тән технологияларды қолдануға болады. Бұлар кешенді сабақтар, оқу жобалары, дискуссиялық технологиялар, ойындар, пәндік технологиялар болуы мүмкін. Олар, әдетте, сабақтың шеңберінен шығуды қажет етеді, мұғалімнің тікелей жетекшілігінде оқушылардың өз еркілерімен жеке және топтық іс-әрекеттерін қарастырады. Сондай-ақ, мектеп сабағы материал мазмұнын кеңейту және тереңдету деңгейінде де және мектеп сабағы мазмұнының жекелеген элементтерін сабақтан тыс қызметтің түрлі формаларында өңдеу есебінен де қосымша білім беру бағдарламасын іске асыру үрдісіндегі оқу сабақтары аясында жалғасын таба алады.

Сабақтан тыс жұмыс жүйесіне қосымша білім беру бағдарламаларымен айналысатын балаларды қосу өзіндік ерекшеліктерге ие бола алады және түрлі тәрбиелік нәтижелерге шыға алады, бұл әр нақты мектеп қосымша білім беру мекемелерінің қандай деңгейін қамтитынына байланысты.

Ол:

1) жұмыстары бір-бірімен аз үйлеетін және толығымен бар кадрлық және материалдық жағдайларға тәуелді болып келетін үйірмелердің, секциялардың, клубтардың кездейсоқ жиынтығы;

2) балалар шығармашылық ұжымдары мен бірлестіктерінің жұмысының ішкі шоғырлануы, олардың қызметінің түрлі бағыттанушылығы;

3) балаларға қосымша білім берудің мектептің жеке бөлімшесі ретінде дамуы;

4) балаларға негізгі және қосымша білім берудің бірігуі, мектептердің негізгі құрылымдарының ұйымдық және мазмұндық бірлігі бола алады.

Қазіргі уақытта мектептердің тәжірибесінде жоғарыда аталған барлық ұйымдық үлгілер пайдаланылады.

Мектептегі қосымша білім беруді ұйымдастырудың алғашқы екі деңгейіне артықшылық беріледі. Бірігу үрдестерін жүзеге асыру жағдайларындағы үшінші және төртінші деңгейлер өзіндік тәрбиелік жүйелерді құруға бағдарланған мектептерге тән.

Әр үлгі өзін жобалап, ары қарай іс-тәжірибеде жүзеге

асыратындар үшін белгілі бір құндылықты білдіреді. Осылайша, негізінде мектептегі қосымша білім беруді ұйымдастырудың бірінші деңгейі бар үлгілер белгілі мағынаға ие, себебі балалардың бос уақытын қамтамасыз етеді және олардың сабақтан тыс қызығушылықтарының спектрін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Екінші деңгейдегі үлгілер балаларды, сондай-ақ, балалар мен ересектерді біріктіретін жұмысының өзіндік формаларымен бағалы (қауымдастықтар, шығармашылық зертханалар, экспедициялар, шеберханалар және т.с.с.).

Ұйымдық әрекеттестіктің үшінші және төртінші деңгейлеріне негізделген үлгілер балалардың қосымша білім беруге деген түрлі сұраныстарын қамтамасыз етуге және осы тұста маңызды нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Әрекеттестіктің барлық субъектілерінің тәрбиелік бағдарламалардың мазмұнын бірлесе әзірлеу арқылы жұмысының келісушілігінің есебінде мүмкін болады.

Бірінші жағдайда, тәрбиелік қызметтің жалпы мектептік бағдарламасының компоненті ретінде қаралатын бірыңғай бағдарламаның негізінде жұмыс істеп жүрген қосымша білім берудің барлық оқытушыларының әрекеттерінің келісушілігінің есебіне.

Екінші жағдайда – қосымша білім беруді мазмұндық деңгейде де, қызметтің технологиясында да негізгі жалпы білім беру бағдарламасымен біріктіру есебіне.

Ұйымдық әрекеттесудің үшінші және төртінші деңгейлерінің есебінде құрылған, бірігудің ішкі де, сыртқы да механизмдерін пайдаланатын үлгілер басым болып қаралады, себебі олар мектептік тәрбиелік жүйелерді құруға бағдарланған, ал бұл мектептік білім берудің барлық деңгейлерінде жаңа ұрпақтың стандарттарымен қарастырылған.

Мектептегі қосымша білім беру қызығушылықтар бойынша түрлі балалар шығармашылық бірлестіктерінің басшыларымен жүзеге асырылады, олар қосымша білім берудің оқыту бағдарламаларын міндетті түрде басшылыққа алады.

Сабақтан тыс жұмыс пен қосымша білім берудің арасындағы байланыстырып тұратын маңызды буын болып пән үйірмелері табылады: бұл міндетті оқу материалына ынтықтық, білімге,

икемділікке, дағыдағ және жеке бастың дамуына бағдарлану; сабақтарға міндетті немесе ерікті түрде қатысу; оқыту материалының көлемі мен игерудің қарқынын таңдау мүмкіндігі. Бір жағынан бұл пән бойынша сабақтан тыс жұмыс, ал екінші жағынан – қосымша білім берудің бөлігі.

Қазіргі таңда оқытушының ұстанымы түбегейлі өзгеруде: ол білім беруші ғана емес, оқушының тұлға болуына көмекші болып та табылады; серіктестік пен бейресми қатынас идеясы бекітіледі. Қосымша білім беру оқытушысы кеңесшінің функциясын атқара отырып, балаларға күшті тұлғалық ықпал жасайды. Осыдан – оның тұлғалық қасиеттеріне деген жоғары талаптар.

Оқытуды дараландыру және саралау, тұлғаның өзін-өзін белгілеу мен қалыптастыру мәселелерін шешу жағдайында балаларға қосымша білім берудің маңыздылығы айтарлықтай арта түседі.

Қосымша білім беру оқытушысының түбегейлі мақсаты – балаға пән мен тәрбие – қара бастың қамы үшін емес, ол тұлғаның барлық қырларын: зердені, тәжірибелік ақылды, еңбексүйгіштікті, дене дамуын, өзін-өзі қалыптастыруға мінез бен ерікті қалыптастыру мен жетілдіру құралы ретінде танытып, тәрбиелеу. Басқа сөзбен айтқанда, қосымша білім беру – баланың бай ішкі дүниесіне ену, түсіну және оның шегін кеңейту тәсілі.

Қазіргі Қазақстанда балаларға қосымша білім берудің қызметі мен дамуының негізгі мән-мағынасы оның білім беруді жаңартудың талаптарымен шартталған жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болуға бағытталуымен белгіленеді. Алайда үздіксіз білім беру жүйесінің бөлігі болу үшін қосымша білім беру өздігінен дамуға тиіс.

Негізгі және қосымша білім беру жақындасуларын дамытудың бір қыры мектептің түрлі мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығы болып табылады. Бұл мектеп оқушыларын көркемдік, спорттық, туристік-өлкетанушылық және басқа іс-әрекеттерге тартудың тамаша мүмкіндігі. Ынтымақтастық жұмыс жоспарларын мектептің және қосымша білім беру ұйымының мүмкіндіктерін есепке ала отырып үйлестіруге мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша білім беру – балалықтың әлеуметтік институттарының бірі, ол балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту үшін құрылып, қолданылып келеді.

Қосымша білім берудің ерекшелігі баланың шығармашылық қызметі ол үшін бастапқы болуында. Бәрінен бұрын, тұлғаны шығармашылықта дамыту тұр, ал оқыту сол дамытуға демеу болады.

Қосымша білім беру баланың ерікті таңдау бойынша жеке дара және ұжымдық шығармашылық қызметте тәжірибе жинауына мүмкіндік туғызады. Бұл әлеуметті талап етілген сала, онда білім берудегі қызмет көрсетудің тапсырыс берушісі мен тұтынушылары жас азаматтар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдер), сондай-ақ, қоғам мен мемлекет болып табылады.

Білім берудің осы түрі өскелең ұрпақтың бейімділігін, қабілеттілігін және қызығушылықтарын, азаматтық және адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өмірлік және кәсіби өзін-өзі белгілеуге мүмкіндік береді. Қосымша білім беру жүйесі шешетін міндеттердің арасында – қараусыздықтың, құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың және маскүнемдіктің алдын алу.

Балаларға қосымша білім беру мектептің тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ашықтық, тұтастық және икемділікке ие болып табылатын балаларға қосымша білім беру жүйесі баланың, оның отбасының, қоғамның және мемлекеттің мүддесінде «уақыт талаптарына» тез әрі дәл әрекет етуге қабілетті.

Жаңа технологиялар әлеміндегі балалар мен жастар шығармашылығы ұғымының өзгергенін түсіну инновациялық әдістемелерді белсенді енгізуді, заманауи құрал-жабдықтарды қолдануды, оқытудың жаңа формаларын іздестіруді, қосымша білім берудің ресурстық орталықтарының рөлін заманауи технологиялар орталығы ретінде кеңейтуді талап етеді.

«Балаларға қосымша білім беру» терминімен баланың өз талаптарына және қажеттіліктеріне сәйкес өзі таңдап алған мәдениеттегі жеке дамуымен байланысты формальды емес білім беру саласын сипаттайды.



Балаларға қосымша білім беру ерекше білім беру жүйесі және білім берудің айырықша түрі

ретінде Қазақстанда салыстырмалы түрде қысқа тарихқа ие. Бірақ қосымша білім берудің қазіргі дәрежесі және қолда бар әлеуеті мектептен тыс жұмыс мекемелерінің түрлі қызметінің ұзақ тарихы бойында қалыптасты.

Балаларға қосымша білім беру айтарлықтай педагогикалық әлеуетке ие: тұлғаның даму уәждемесін қалыптастырудың қуатты құралы болып табылады; қосымша білім беру үрдістерінде әр бала үшін табыс жағдайын құру мүмкіндіктері шексіз, бұл оның жеке қасиеттерін тәрбиелеуге және нығайтуға оң әсер етеді. Іс-әрекеттің сан түрін игеруге құрылған қосымша білім беру тұлғаның өзін-өзі іске асыруының мәдени кеңістігін кеңейтеді, оны шығармашылыққа ынталандырады. Қосымша білім беру саласында бала мен ересек адамның жеке қызығушылықтарының ортақтығы негізінде гуманистік құнды бағдарлардың қалыптасу үрдісі қарқынды әрі мақсатты жүреді; қосымша білім беру бағдарламалары баланың жақын дамуы аумағына айнала отырып, оның «мәдени дарындылығын» тәрбиелеуге септеседі. Адам әлеуетін қосымша білім беру құралдары арқылы дамыту сонымен қатар ел элитасын (ғылыми, инженерлік, мәдени және саяси) дарынды балаларды анықтау, олардың уәждемелері мен қабілеттерін дамыту арқылы қалыптастыру тәсілімен іске асырылады.

Қосымша білім беру өзінің ерекшелігіне орай бос уақытты (демалыс, көңіл көтеру, мереке, өздігінен білім алу, шығармашылық) ұйымдастырудың түрлерін білім беру іс-әрекетінің түрлі формаларымен үйлесімді байланыстыруға тырысады және нәтижесінде балалардың бос уақытын қамту мәселесін шешу арқылы девинатты мінез-құлық кеңістігін қысқартады.

Қосымша білім беру жүйесі тұтас алғанда жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Бұл балаға ұсынылатын дайын мәдени-әлеуметтік орта емес, оны өзі жасаған вариативті, оның өзінің рефлексивті мүмкіндіктеріне арқа сүйейтін орта.

Бастысы – қосымша білім беру жағдайларында балалар жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра алады, шығармашылық әлеуеттерін іске асыра алады, қазіргі қоғамға бейімделе алады және бос уақыттарын толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігіне ие. Ендеше бала өзін әлеуметтік тұрғыда іске асырады, кәсіп меңгеруге дайындалады және нәтижесінде – оның болашақта табысқа жетуге деген мүмкіндіктері

көп.

Қосымша білім берудің ерекшелігі сол, ол жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігіне айналды және ведомствоаралық сипатқа ие болды. Ол бүгінгі таңда **балаларға қосымша білім беру ұйымдарында да, жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі ұйымдарда,**

колледждерде және ЖОО-да, мәдениет, спорт мекемелерінде, жеке меншік ұйымдарда да іске асырылады. Бұл логикада қосымша білім беру жалпы білім беру жүйесінің жай элементі ғана емес, баланың



өмірлік өзін-өзі анықтауының түрлі салаларындағы негізгі құзіреттіліктерге қол жеткізуге септесетін білім берудің дербес көзі.

Қосымша білім беру вариативті, көпбейінді, көпдеңгейлі, пәнаралық оқытудың мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру жүйесінде балалар іс-әрекеті мен өмір салтының білім беру, тәрбие беру, әлеуметтік функциялары орындалады, әлеуметтік-педагогикалық үлгілері әзірленеді және енгізіледі, балалардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың, тәуекел тобы балаларының дарындылығын, бейімделуін және әлеуметтенуін дамыту бағдарламалары іске асырылады.

Балаларға қосымша білім берудің отандық жүйесі **ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық білім беру іс-әрекеті** салаларында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша бірегей әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерге ие.

Балаларға қосымша білім беру – бұл негізгі білім беру аясынан тыс мотивацияланған білім беру, ол адамға таным мен шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілік алуға, өзін барынша іске асыруға, пәндік, әлеуметтік, кәсіби, жекеше тұрғыда өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Балаларға қосымша білім берудің ерекше қырлары:

әр баланың білім беру саласын (іс-әрекеттің бағытын және түрін), бағдарлама бейінін және оны игеру уақытын, педагогты еркін таңдауы үшін жағдайлар жасау;

баланың ең сан алуан қызығушылықтарын, бейіндерін және қажеттіліктерін қанағаттандыратын іс-әрекет түрлерінің әртүрлілігі;

тұлғаның тануға және шығармашылыққа деген мотивациясын, өзін-өзі іске асыруын және өзін-өзі анықтауын дамытуға септесетін білім беру үрдісінің тұлғалық-әрекеттік сипаты;

балаға тұлғалық-бағдарлы амал-тәсіл, әрқайсысы үшін «табыс жағдайын» жасау;

тұлғаның өзін-өзі іске асыруына, өзін-өзі тануына, өзін-өзі анықтауына жағдайлар жасау;

баланың таңдауда байқап көру және қателесу құқығын, өзін-өзі анықтауда мүмкіндіктерін қайта қарау құқығын тану;

баланың өзі таңдап алған қосымша білім беру бағдарламасы (іс-әрекет түрі, білім саласы) шекарасындағы алға жылжу нәтижелігін анықтаудың мұндай құралдарын қолдану баланың жеке намысына нұқсан келтірмей оған өзінің даму сатысын көруге көмектеседі және оны дамуға ынталандырады.

Балаларға қосымша білім беру қазіргі қазақстандық қоғамда қалыптасқан жалпы білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік тұрғыда сұранысқа ие, бала тұлғасын тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды үйлесімді ұштастыратын білім беру сияқты қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты назар мен қолдауды талап етеді.

Қосымша білім беру бала атқаратын кез келген іс-әрекеттің құрылымына енеді, іс-әрекеттің стандартталған түрлерінің алдын алуы, сондай-ақ оларға ілесуі мүмкін.

Құрылымдық жағынан қосымша білім беру жалпы білім берудің жүйесіне, сонымен қатар білім беру-мәдени бос уақыт саласына енеді, аталмыш жүйелерді жақындастырады және толықтырады.

Қосымша білім беру – белгіленген салаларды әр түрлі толықтыра алатын вариативті білім беру:

пәндік білімді **кеңейту**;

жаңа компоненттерді **қосу**;

тұлғаны танымның, еңбек пен қарым-қатынастың жаңа

құралдарымен жарақтай отырып, оның білімін **ұлғайту**;

өзін толық көрсетуге мүмкіндік бере отырып, білім беру іс-әрекетінің мотивациясын **күшейту**.

Білім беру жүйесіндегі өзінің «орналасқан жері» бойынша балаларға қосымша білім беру мектеп бағдарламаларында ұсынылмаған мәдениет және ғылым салаларын зерттеумен қоса мемлекеттік білім беру стандартының аясынан тыс орналасқан.

Қазіргі заманғы балаларға қосымша білім беру екі негізгі блокта көрініс табады: **білім беру және мәдени-бос уақыт**.

Егер бұрын мәдени-бос уақыт жұмысына мән берілсе, қазір мектеп білім аясында үнемі іске асырыла бермейтін салалардағы балалардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты білім беру іс-әрекеті барынша кең көлем алып келеді.

Мұндай үдеріс жалпы және қосымша білім берудің ынтымақтастығына септесетін жетекші фактор болып табылады.

Қосымша білім беру бүгінде үздіксіз білім берудің өзекті толыққанды және қажетті компоненті болып табылады.

Үздіксіз білім берудің мақсаты – адамды тұлға ретінде оның бүкіл өмірі бойында тұтас дамыту, оның тез өзгергіш әлемдегі еңбек және әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктерін арттыру, оқушының қабілеттерін, оның талпыныстары мен мүмкіндіктерін дамыту.

Үздіксіз білім беру жүйесіндегі балаларға қосымша білім беру балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, олардың зияткерлік, адамгершілік, физикалық жетілуге деген жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ олардың бос уақыттарын ұйымдастыруға бағытталған.

Қосымша білім беруде бала өмірдегі басты нәрсені түсінеді, өмірдің мәні мен болу мүмкіндіктерін іздейді. Балаларға қосымша білім берудің әр жаңа оқыту мекемесінің ашылуымен балалар амандығының кеңістігі кеңейе түседі. Бір кезде С.Я.Маршак былай деп жазған еді: «Іске деген қызығышылықпен қанаттанған еңбек жеңіл, ол міндет бойынша орындалатын еңбектен ауыр емес». Осы байланыста балаларға қосымша білім берудің рөлі арта түсуде.

Қосымша білім беру бағдарламаларының жақсы жағы деп олардың балаларға өзіне сол сәттегі қызықты қызмет түрін игеру

жолдарын өз бетімен таңдауға ерік беретін жеке оқыту бағдарларын әзірлеу үшін мүмкіндіктер туғызатынын санауға болады.

Тағы бір маңызды сәт балаларды әлеуметтендіру үлгілерін жетілдірудегі қажеттілік болып табылады. Әлеуметтендіру үрдісінің субъектілері, мазмұны және бағыттары бойынша әлеуметтендіру үлгілерінің жіктелу топтарын атап көрсетуге болады:

1. Әлеуметтендірудің субъектілері бойынша:

түрлі ұлттағы балалар,

дарынды балалар,

дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар,

отбасында проблемалары бар бейәлеуметтік мінезді балалар;

2. Әлеуметтендіру үрдісінің мазмұны бойынша:

кәсіби бағдар,

әлеуметтік қолдау,

сауықтыру,

көшбасшылық қасиеттерді дамыту;

3. Әлеуметтік тәрбие бағыты бойынша:

рухани-адамгершілік даму,

патриоттық тәрбие,

эстетикалық,

толеранттық,

азаматтық сәйкестік,

мәдениаралық байланыс.

Қосымша білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын әлеуметтік-педагогикалық үлгілер зор педагогикалық әлеуетке ие.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында қызметтің әлеуметтік-педагогикалық үлгілері енгізілуде, себебі бұл мекемелердің жұмысының дәстүрлері, стильдері және әдістері социумның ерекшеліктерін барынша ескереді.

Балаларды әлеуметтендірудің мәдени-бос уақыт үлгілері балалардың бос уақытындағы рухани, дене және басқа да әлеуметтік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Кәсіби даярлық үлгілері балалардың кәсіби қызығушылықтарын, олардың өзін-өзі кәсіби белгілеуін, таңдаған кәсібіне бейімделуін қалыптастырады.

Қосымша білім беру жүйесінде балаларды әлеуметтік маңызды, қоғамдық қызметке, әлеуметтік шығармашылыққа тарту үшін алдын ала жағдай жасалған.

Қазіргі уақытта нақты қайта жасаушы тәжірибеге қосылу үшін жағдай жасайтын бағдарламалар мен жобалар үсті-үстіне құрылуда (Қарағанда қаласында «Шығармашылық бағдар мектебі», «Кіші ғылым академиясы», Ақтөбе қаласында «Жас дарындар», «сүйем сені, туған өлкем» және т.б.).

Соңғы үш жылда жас музыканттар мен суретшілердің 14 республикалық конкурсы, жас табиғат зерттеушілерінің, экологтар мен туристердің слеті, техникалық шығармашылық және өнертапқыштық жарыстар өткізілді, онда 3,5 мың бала қатысып, 600 бала жеңімпаз атанды.

Бағдарламалар мен жобаларға жасалған талдау мүмкіндіктері шектеулі балаларды қосымша білім беру бағдарламалары бойынша сабақтарға тарту жұмыстарының жанданғанын көрсетеді, соның ішінде қашықтық формасында. Бұл бағдарламалардың аясында www.ziyatker.kz сайтында клубтық бірлестіктер құрылған.

Қазақстанның түрлі аймақтарындағы дарынды балалармен жұмыс жүйесі де назар аударуға тұрарлық. Бүгінде балалардың дарындылығын дамытудағы қосымша білім берудің рөлінің күшейтілгені туралы айтуға болады.

Заманауи ақпараттық технологияларды зерделеуге, дарынды балаларды қолдауға танымдық мүдделерді дамыту үшін www.ziyatker.org сайтында жүйелі түрде жыл сайынғы республикалық сырттай конкурстар ұйымдастырылады:

Білім беру мен ғылымның түрлі саласында шығармашылықпен айналысатын оқушылар мен оқытушылар үшін www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтының (порталының) жұмысы жандандырылды.

www.ziyatker.org ғылыми-танымдық порталында қашықтықтан 40 интернет-конкурс өткізілді, оған 8 мың бала қатысып, 2 мыңға жуық оқушы жеңімпаз атанды. Жас табиғат зерттеушілері, туристер, техниктер мен өнертапқыштардың, музыканттардың, суретшілердің, коллекция жиюшылардың және т.б. электронды клубтары құрылған.

Франция, Түркия, Ресей, Украина және Түркменстанға халықаралаық фестивальдерге, конкурстарға және жарыстарға

республикалық іс-шаралардың 42 жеңімпазы жіберілді. Оның ішінде 17 адам жүлделі орындарға ие болды.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі әр балаға тең «старттық» мүмкіндіктер береді, дарынды және талантты оқушыларға көмек пен қолдау көрсетеді, білім беру мен шығармашылық қызметтің түрлі саласындағы дарынды балалардың үлесінің артуына себептеседі.

Балаларға қосымша білім беру балалардың жалпы мәдени және көркем-эстетикалық талғамын қалыптастыруға, белсенді және дарынды балаларды анықтауға, отандық мәдениеттің таңдаулы өнегелеріне тартуға, зерттеу және жобалау дағдыларын дамытуға бағдарланған.

Дарынды және таланты балаларды ерте анықтау, оқыту және тәрбиелеу қосымша білім беру жүйесін жетілдірудің басты міндеттерінің бірін құрайды.

Қосымша білім берудегі басты қағидат – әр баланың шығармашылық қызметі, өз ойын білдіруі және өзін-өзі қалыптастырып танытуы үшін жағдай жасау мен мүмкіндік беру қағидаты.

Алайда бұл міндеттерді шешуде бірқатар қайшылықтар бар:

Бірінші. Мәдениет, технологиялық шығармашылық, өлкетану және зерттеу қызметі саласындағы дарынды балаларды даярлауға әлеуметтік тапсырыстың үйлесімсіздігі мен білім, мәдениет және өнер қызметкерлерінің төмен әлеуметтік мәртебесі, ал бұл көп жағдайда дарынды балалардың ата-аналарының оларды осы қызмет саласына бағдарлауға ынтасыздығын түсіндіреді.

Екінші. Қосымша білім беру оқытушыларының әр дарынды тәрбиеленушіге олардың шығармашылық әлеуетін анықтау және дамыту үшін «жетістік ортасын» қамтамасыз етуге талпынуы мен білім беру ұйымдарының жеткіліксіз материалдық-техникалық, ақпараттық, әдіснамалық және дидактикалық қамсыздандырылуы.

Үшінші. Білім алушылардың зерттеу және шығармашылық қызметтерінде сүйемелдеуге қажеттіліктерінің болуы мен оқытушылардың балалардың дарынын көрсету ерекшеліктері мен оны анықтау және дамытудың әдістері туралы білімінің жеткіліксіздігі.

Төртінші. Өзін-өзі ойдағыдай қалыптастырып танытуы үшін дарынды балалардың жетістіктерін мойындау маңыздылығы мен білім

алушылардың республикалық және халықаралаық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету үшін республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырудың қалдық қағидаты.

Қосымша білім беру жүйесінің әлемдік даму үдерістері

ЮНЕСКО-ның Білім берудің халықаралық стандарттық классификациясы (ББХСК) формальды, формальды емес және информальды білім берудің білім беру бағдарламаларын қамтиды.

Формалды білім беру мемлекеттік және жекеменшік білім беру ұйымдарының қатысуымен институцияланған, мақсатты жоспарланумен анықталады.

Формалды емес білім беру формальды білім беруге қосымша немесе балама болып табылады, әлеуметтік және мәдени дамуға бағытталған өмірлік және еңбек дағдыларын дамыту бойынша бағдарламаны қамтиды.

Формалды емес білім беру отбасындағы, жұмыс орнындағы, тұрғылықты жер бойынша және күнделікті өмірдегі оқу іс-әрекетін қосуы мүмкін, оның бағыттылығы адамның өзімен, отбасымен немесе қоғаммен анықталады.

Бүгінде ақпараттың жаңа арналары мен көздері пайда болған жағдайда мектеп білімді, дағдыларды және жүріс-тұрыс үлгілерін қалыптастыруға деген монополияны жоғалтуда.

Формалды білім беру аясынан шығу, басқа әлеуметтік институттар мүмкіндіктерін қолдану қажеттігін тудырып отыр. Мектеп көптеген елдерде монополистен білім беру мен әлеуметтенудің үйлестірушісіне айналуға.

Мұндай іс-әрекеттің табысы қосымша білім беру саласының дамуына тәуелді.

Жоғары технологиялық экономика білімді, бірегейлікті, жоғары креативтілікті қолдану құндылығының артуын талап етеді. Бұл өзгерістер ұқсауға, көшіруге және мойынсұнуға бағытталған білім берудегі дәстүрлі амал-тәсілдердің адекватсыздық жағдайын тудырады.

PISA халықаралық зерттеулері мектеп түлектерінің оқу жағдайлары аясынан шығатын жеке және қоғамдық маңызды

жағдайларда алған білімдері мен іскерліктерін қолдану қабілеттерін бағалайды.

Оқушылардың білім жетістіктері бейінінде білімді іске асыру және белгілі алгоритмдерді қолдану іскерлігі жоғары деңгейдегі зияткерлік іскерліктермен салыстырғанда басым болады.



Халықаралық зерттеулер мектептен кейінгі және каникул кезеңдеріндегі білім берудің барлық түрлерін қолдау балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуы үшін аса маңызды екенін растайды.

Түбейгейлі өзгерістер орын алып жататын барынша жаһанданған қоғам, сонымен қатар қазіргі әлемдегі бос уақыттың өсіп

келе жатқан рөлі белгілі бір қажеттіліктерді талап етеді. Еуропалық Одақ жылдам кеңеюде, Шығыс Еуропа елдері батыс экономикасы үлгісіне көшуде, қоғамның құндылық бағыттары интернационализация салдарынан өзінің тұрақтылығын жоғалтуда, халықаралық қарым-қатынас өте қолжетімді болып отыр және т.б. Білім беру жүйесі осы әлеуметтік және саяси өзгерістерден тысқары қала алмайды.

Мұндай жағдайларда балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты ерекше маңызға ие болады. Көптеген елдерде балалар мен жастарға өздерінің бос уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы саясат бар. Мектептен бос уақытты оларға арнайы ұйымдар ұсынатын

арнайы бағытталған іс-әрекетпен шұғылдана отырып арнайы орындарда өткізу ұсынылады. Бұл жай ғана көңіл көтеру мен демалыс немесе дамуға бағытталған белгілі бір іс-әрекет түрі болуы мүмкін. Балалармен жұмыс істейтін кәсіпқойлар педагог немесе оқытушы деп аталады және көп жағдайда



бейінді жоғары білімге ие болады.

Көптеген елдерде педагогиканың бұл бөлігі жеке мамандану ретінде оқытылады. Ал балалар өз дарындары мен құзіреттіліктерін жағымды демалыс ауанында дамыту мүмкіндігін иеленеді.

Түрлі елдерде мектептен тыс бос уақытта ұсынылатын іс-әрекетті белгілеу үшін әр түрлі терминдер қолданылады. «Қосымша білім беру» термині «формальды емес білім беру» (ФЕББ), «мектептен тыс білім беру», «бос уақыт бағдарламалары» және т.б. терминдерімен алмастырылуы мүмкін. Еуропа Кеңесінде және Еуропалық Одақта мақсатты бос уақыт іс-әрекеті «формальды емес білім беру» терминімен белгіленеді. Жастардың өміріндегі оқудың шамамен 70 пайызы формальды емес немесе бейресми білім беру жағдайларында өтеді: отбасында, құрдастар тобында, жастар ұйымдарында және бос уақыт топтарында. Білім беру уақытының шамамен 30 пайызын формальды білім беру иеленеді. Қосымша немесе «формальды емес» білім беру формальды білім беруге қарама-қарсылық ретінде ұсынылады. Балалар мен жастар үшін формальды емес білім беру барынша қызықты. Формальды емес білім беру формальды білім беруге қарағанда барынша икемді және жаңашыл форма болып табылады, ол ФЕББ-тің қоғамның балаларға қатысты үнемі өзгеріп отыратын сұраныстарына барынша тез әрекет ету қабілетімен түсіндіріледі.

ЮНЕСКО классификациясына сәйкес формальды емес білім беруге (non-formal education) дәстүрлі білім беру жүйесінен тыс ұйымдастырылатын және өткізілетін, оқудың нәтижелері үнемі тиісті құжаттармен

растала бермейтін оқу бағдарламалары мен курстары енеді. Әлбетте, барлық айырмашылықтарды түсіндіру үшін бір ғана термин жеткіліксіз, бірақ бұл сөз зор мағынаға ие. Кейде бұл «бос уақыт бағдарламасы» деп аталады, кейде бұл мектептен



кейінгі білім беру, қосымша білім беру, қосымша мектептік білім беру, формальды емес білім беру, диплом алуды қарастырмайтын білім беру, қызығушылықтар бойынша мектептер, сыныптан тыс білім беру, оқу жоспарынан тыс білім беру, мектептен тыс білім беру және тіпті

мектептік емес білім беру. Формальды емес білім беру және оның нұсқалары білім берудің жалпыға ортақ стандарттарына сәйкес келмейді: бәрі де сыныптан тыс, мектептен тыс өтеді және «қосымшалық» сипатта болады, дипломды немесе сертификатты білім берудің түпкі мақсаты етпей-ақ даму үшін мүмкіндік ұсынады.

Барлық дерлік еуропалық елдерде ФЕББ-дің белсенді саясаты дамуда, ұйымдастыру формасы мен жүйесі сол елдің мәдени және тарихи ерекшеліктеріне байланысты.

Әрбір еуропалық елде ФЕББ жүйесі және оларға енетін ұйымдар қоғамда түрлі орын алады. Көптеген ФЕББ-тер жеке сипатқа ие. Аталмыш жеке бастамалардың мақсаттары көп жағдайда мемлекеттік немесе жартылай мемлекеттік ұйымдар көздейтін мақсаттардан бөлек болады. Жекеменшік ұйымдардың іс-әрекеті көп жағдайда табыс табуға бағытталған. ФЕББ-тегі бос уақыт мұнда табыс табу мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта формальды емес білім беру бизнестің айтарлықтай саласына айналып бара жатқан елдердің саны үздіксіз артуда. Балалар мен жастар өз бос уақыттарын қалаған түрінде өткізу мүмкіндігі үшін ақша төлейді.

Бүгінде Еуропаның барлық дерлік елдерінде он мыңдаған қосымша білім беру ұйымдары жұмыс істейді.

Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде үкімет балалар даму үшін қосымша мүмкіндік алатын формальды емес білім беруді ұйымдастыру формальды білім беруді ұйымдастырумен қатар мемлекеттің міндеті болып табылады деген пікірді ұстанады.

Финляндия мен Литвада ФЕББ арқылы түрлі күзиреттіліктерді сатып алудың дамыған үдерісі байқалады.

Финляндияда ФЕББ бос уақытта мектеп қабырғасынан тыс, көп жағдайда мемлекеттік емес ұйымдарда (ары қарай – МЕҰ) және қоғамдық іс-әрекеттің басқа түрлері аясында өткізілетін оқуға жатқызылады. Финляндияда ФЕББ формальды білім беру арқылы алынатын білімге қатысты баламалы немесе сындарлы болып табылатын білімнің көзі есептеледі.

Финляндияның министрлігі мен муниципалитеттері балалармен және жастармен қоғамдық жұмысты үйлестіреді және қаржыландырады. Мәдениет, спорт және жастармен жұмыс

саласындағы ұсынылатын қызметтер салыстырмалы түрде қымбат емес: мүшелік жарна 5 еуро немесе тегін.

Еуропада ФЕББ формальды білім берудің қателіктерін өтеу ретінде қарастырылмайды. ФЕББ тиімді дамыған жүйесі роман тілдік елдерге (Италия, Испания, Португалия, Франция) тән, бірақ ФЕББ бұрынғы социалистік елдер үшін барынша тән.

Батыс Еуропа елдерінде дамыған қамқоршылық жүйесі басымдыққа ие. Бұл жастардың қажеттілігі үшін ұлттық және жергілікті үкімет тарапынан бөлінетін қаржылық көмектің көп бөлігі күрделі мәселелері бар балалар мен жастарға (олар балалар мен жастардың жалпы санының 5-10% құрайды) бағытталуға әкеледі. Сондықтан Батыс Еуропада формальды емес білім беру саласы жекеменшік сипатқа ие.

ЕО елдерінде қазіргі уақытта «**Еуропа 2020 және жастарды дамыту стратегиясы**» (Europe 2020 and Youth Strategy) бағдарламасы іске асырылуда. Аталмыш бағдарламаның мәні – Еуропа елдерін жастармен жұмыс бойынша іс-шараларды ұйымдастыруда және қаржылық көмекте қолдау. Қосымша білім беру саласындағы іс-тәжірибенің үздік үлгілерін іріктеудің әзірленген өлшемдер жүйесі (жаңашылдық, өзектілік, оңтайлылық, жоғары нәтижелілік, тұрақтылық, инновацияны бұқаралық іс-тәжірибеде қолдану мүмкіндігі) төмендегі елдерді анықтауға мүмкіндік берді: **Нидерланды, Польша, Чех Республикасы.**

Нидерланды орталықтандырылмаған ел болып табылады, онда мемлекет формальды емес білім беру саласына қатысты белсенді рөл атқармайды. Қосымша білім берудің көптеген мекемелері – жекеменшік. Жеке бастамаларға кейде жергілікті басқару органдары субсидия ретінде қолдау көрсетеді. Соңғыларының ескертпелі сипатқа ие жобаларға деген қызығушылығы байқалады.

Нидерланды елінде формальды емес білім беру бизнестің айтарлықтай саласына айналуда. Бос уақыт секторы мұнда жылына **50 млрд. еуро** айналымына ие. Балалар мен жастар өз бос уақыттарын қалаған түрде өткізу үшін ақша төлейді. Бұл үдеріс Еуропаның көптеген елдерінде айқын сипатқа ие болуда. Бос уақытты ұйымдастыру жергілікті деңгейде көп жағдайда қалалар немес аудандар тұрғындары қатарынан шыққан волонтерлардың күшімен іске

асырылады, сондықтан қосымша білім беруді ұсыну іс-тәжірибесі әртүрлі: ол әрбір деревняда және қалада өзгеріп тұрады.

Формальды емес білім беру **Польшаның** білім беру ортасында айтарлықтай орын алады.

Мектептен тыс мекемелермен қатар мұнда формальды емес білім берудің қауымдастықтары, қорлары мен орталықтары, жастар сарайлары, иордан бақтары, жастар орталықтары жұмыс істейді – **223**.

Елде **11** жастар сарайы, **119** жастар орталығы, **51** формальды емес білім беру орталығы, **10** иордан бағы жұмыс істейді. Мұнымен қоса, Мектептен тыс Ұлттық кеңес аясында **142** формальды емес білім беру ұйымы жұмыс істейді, **42** ұйым Поляк мектептен тыс білім беру қауымдастығына қарайды. Польшадағы формальды білім беру мекемелері ұлттық бірегейлік міндеттерін шешуге арналған, патриоттық тәрбиеге ерекше назар аударады.

Іс-әрекет аясында өз өлкесінің тарихы мен мәдениетін зерделеу негізгі орын алады.

Чехияның формальды емес білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты елдің бәсекеге қабілеттілігінің бір факторы ретінде қарастырылатын ғұмыр бойы оқуды қолдау түрінде көрініс табады. Осыған орай, мұндай оқытуға инвестициялар «дамуға құйылған аса маңызды инвестициялар» ретінде танылады. Формальды емес білім беру мекемелерінің іс-әрекетін қаржылай қамтамасыз ету көп жағдайда мемлекеттік бюджетке байланысты. Алайда, мұнымен қатар ол қатысушылардың жарнасынан, демеушілер көмегінен және жеке шаруашылық іс-әрекетінен құралады.

Жалпы алғанда, Чехия балалар мен жастарға бос уақытты белсенді өткізуді ұйымдастыруға ерікті негізде қосылу мүмкіндігін беретін мекемелердің көп әрі қолжетімді желісіне ие.

Елдегі формальды емес білім беруді ұйымдастырушылар болып табылады: мектептер, бос уақыт орталықтары, білім беру агенттіктері, қызығушылықтар бойынша клубтар, мәдениет мекемелері және т.б.

Чех республикасында балалар мен жастарға формальды емес білім беру саласына **6700-ден астам мекеме** енеді (олардың ішінде шамамен 2000-ы үкіметтік және коммерциялық емес ұйымдар). Барынша қолжетімді формальды білім беру мекемелері болып бос уақыт орталықтары, ұзартылған күн мектеп топтары, мектеп клубтары табылады. Олардың бәрі жалпы және қосымша білім беру ынтымақтастығының іс-тәжірибесін көрсете отырып, мектептер жанында жұмыс істейді.



Бос уақыт орталықтарының оқушылардың түрлі санаттарына (мектепке дейінгі балаларға, оқушыларға, студенттерге), сондай-ақ педагогтарға (олардың тұрғылықты жеріне қарамастан) арналғанын атап өткен жөн.

Өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейтін мектеп кооперативтері әлеуметтік бағытқа ие. **Францияда** олар жалпы білім беретін мектептер **оқушыларының бестен бірін** біріктіреді. Балалардың іс-әрекеттің сан алуан түрлеріне (бау-бақша өсіру, қоян өсіру, емдік шөптер жинау, мерекелер ұйымдастыру, пікірталастар өткізу және басқалар) қатысуы әлеуметтік тәрбие берудің жақсы мектебі болып табылады.

Жапонияда формальды емес білім берудің тармақталған желісі бар: балаларға арналған мәдени-ағарту орталықтар, спорттық клубтар. Әрбір мектеп оқушысының мектеп бағдарламасына енбейтін дене шынықтыру, көркем шығармашылық және ұлттық өнер түрлері бойынша қосымша сабақтарға міндетті (бірақ таңдау бойынша) тегін қатысу іс-тәжірибесі де бар.



Мұнымен қоса, әрбір тұрғын кварталда оқушылармен қосымша жұмыс ұйымдастырылады: хор сабақтары, музыкалық аспаптарда ойнау, бал билері, үй шаруашылығын жүргізу және т.б.

Әлеуметтік тәрбие беру міндеттерін шешуде үлкен әлеуетке ие ФЕББ-тің жекелеген түрлері кең таралған: балалар мен жастардың мектептен тыс ұйымдары, клубтар және орталықтар.

Жапония Парламенті «Патриотизм туралы заң» қабылдаған, ол «Жаңа дәуірдегі (XXI ғасырдағы) білім беруді дамытудың негізгі жоспарында» ұсынылған «дәстүрлер мен мәдениетті құрметтеу, солардың негізінде құрылған елімізді сүю» қажеттігі туралы тезисті нығайтуы тиіс.

Моральдық тәрбие берудің негізгі міндеті оқушылардың санасына моральдық құндылықтар түріндегі белгілі бір әлеуметтік нормаларды ендіру және топтық сананы қалыптастыру болып табылады. Қабылданған шаралар жапон қоғамының сабақтан қалу, мектептегі зорлық-зомбылық, сотқарлық, сабаққа кедергі келтіру және жасөспірімдер жасайтын ауыр қылмыстар сияқты мәселелердің пайда болуына алаңдаушылық білдіруімен, тұлғаның жеке құқықтарына назар аударудың күшеюімен және топтық сананың әлсіреуімен және т.б. түсіндіріледі.

Әлеуметтік тәрбие беру формалары арасында 6-дан 18 жасқа дейінгі мектеп жасындағы балаларға арналған **Америкадағы** ұлдар мен қыздар клубтары (BGCC) ерекше орын алады. Қазіргі уақытта BGCA Құрама Штаттардағы **4000-нан астам** клуб филиалдарынан тұрады. Клубтың негізгі мақсаты тұлғаны белсенді әлеуметтік іс-әрекетте дамыту болып табылады. Оны іске асыру үшін 5 саланы қамтитын білім беру және бос уақыт бағдарламалары әзірленген:

Көшбасшылық қасиеттерді дамыту бағдарламалары; мансапқа арналған білім беру; денсаулықты қолдау және өмірлік дағдыларды дамыту бағдарламалары; өнер бойынша бағдарламалар; фитнес және демалыс бағдарламалары.

Жеткіншектерге арналған клуб жанындағы арнайы жасөспірімдер орталықтары компьютерлермен, фитнес-орталықтармен жарақталған және іс-әрекеттің алуан түрімен айналысуға арналған орынжайларға ие. Клубтар мансаптық қабілеттерді зерттеуге, жұмыс іздеу үшін түйіндеме жасауға бағытталған кәсіби дағдыларды дамытуға арналған бағдарламаларды ұсынады.

Қытайда адамға әртүрлі бағыттарда өзін-өзі іске асыру үшін өмірде қажетті тұлғаның базалық сипаттамаларын; ұлттық бірегейлікті

қолдау құралы ретінде мәдени-тарихи білім беруді, жедел адекватты реакцияны, ұшқырлықты; нақты істерге тартылу арқылы ұлттық дәстүрлерді үйренуді дамытуға басты көңіл бөлінеді.

Корея Республикасында дарынды балалармен жұмыс мұғалімдерді даярлайтын өңірлік орталықтар әзірлейтін ұлттық бағдарлама сипатына ие. Нақты жасалған осы қосымшада білім беру жүйесінде баланың зияткерлік, әлеуметтік дамуы үшін үздік және қажетті жағдайлар жасалады деген жалпы түсінік қалыптасқан. Сондықтан Корея елінде балалар мен ата-аналардың таңдауы бойынша міндетті ақылы қосымша білім беру жүйесі қалыптасқан.

ТМД, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің іс-тәжірибелері мен амал-тәсілдері қоғамдағы, сондай-ақ өмірдің салты мен сапасындағы күрделі өзгерістер қосымша білім беру жүйесіндегі (ФЕББ) балалар мен жастарға әлеуметтік тәрбие беру және білім беру міндеттерін шешуге әсер еткенін көрсетеді.

Германияда, Скандинавияда, Францияда мен Британияда, Канада және АҚШ-та толық күн мектептері жұмыс істейді, оларда түрлі білім беру мүмкіндіктері ұсынылады және баланың жан-жақты дамуы үшін жағдайлар жасалған. Толық күн мектептерінде таңғы оқыту стандартты бағдарлама бойынша өтеді, түстен кейін оқушылар таңдау бойынша кез келген қосымша білім беру іс-әрекетіне қатыса алады.

Ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс кезінде адамның түрлі ақпараттың үлкен көлемін игеруіне, білімнің жылдам жаңаруына, іскерлікті жетілдіруге деген қажеттіліктің ұлғаятыны жалпыға мәлім. Осы жағдайларда барлық негізгі педагогикалық үрдістерді өзіне жинақтайтын туристік-өлкетанушылық іс-әрекеттің рөлі жылдам өсе түседі.

Әлемдік іс-тәжірибеде өздігінен әрекет ететін туристік қозғалыстар және балалар мен жасөспірімдер туризмі бірегей әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Еуропалық балалар мен жастар туризмі орталықтарының ортақ ерекшелігі спорттық-сауықтыру қызметтердің кең спектрі бар бай экскурсиялық-танымдық бағдарлама болып табылады.

Англияның, Францияның, Германияның, Аустрияның және өзге елдердің оқу орындарында жекелеген пәндерді оқу кезінде

педагогтар оқушылармен жұмыста жаяу серуендеуді және жақын маңайларға сапар жасауды қолданады. Мұндай әдістер оқушыға таным мен шығармашылыққа деген қажеттілікті қабылдауға және оны барынша іске асыруға, тұлға ретінде және кәсіби тұрғыда өзін-өзі іске асыруға және өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді.

Францияда және басқа еуропалық елдерде тұлғаның көп қырлы дамуын қамтамасыз ету мақсатында білім беруде жастар туризмі кең түрде қолданылады және бюджет қаржысымен молынан субсидияланады.

Словакияда құпия үңгірлер бойынша экскурсиялардан, виндсерфингтен, атқа мінуден немесе жартасқа өрмелеуден тұратын балалар туризмінің бағдарламалары табысты іске асырылуда және ата-аналар тарапынан да, балалар тарапынан да сұранысқа ие.

Жапонияда мектеп каникулдары кезінде оқушылар түрлі халықтық кәсіптерді үйренуге шығады. Мұндай экскурсиялар бір жағынан еңбекке деген құрметке баулиды, оқушылардың елдің экономикалық әлеуеті туралы пайымдарын кеңейтеді. Олар қандай да бір саланың тарихы туралы, сондай-ақ елдің даму бағдарламалары туралы әңгімелермен үйлестірілуі мүмкін. Екінші жағынан мұндай сапарлар маңызды утилитарлық мақсатқа ие болуы – оқушыларға болашақ мамандықты таңдауға көмектесуі мүмкін.

Канада, Кения, АҚШ-та және Қытайда жастар арасында қорықтарға және ұлттық парктерге бару ерекше танымал болып барады.

Францияда формальды емес білім беру саясаты үкіметпен қадағаланады. Франциядағы факультативті және мектептен тыс іс-әрекеттің негізгі салаларын қысқаша мазмұндауға



бағытталған жалғыз ресми құжат «Мектеп кестесін және бала іс-әрекетін реттеу жоспары: жергілікті білім беру стратегияларын және аудиториядан тыс іс-әрекетті іске асыру» атты 1998 жылдың 9 шілдесіндегі ведомствоаралық циркуляр болып табылады. Мұнда нақты анықталған: «мектеп оқушысының жоспарын және оның мектептен тыс іс-әрекетін реттеу бала үшін үш түрлі кезең: мектеп, факультативті іс-әрекет және мектептен тыс іс-әрекет теңгерімін іздестіру бойынша жұмысты қарастырады». «Баланың мектеп қабырғасынан тыс өз уақытын ұйымдастыра білуі оның оқу үрдісіндегі табыстарымен және оның жеке жетістіктерімен тікелей байланысты; бұл сондай-ақ баланы қоғамда әлеуметтенуге үйретеді».

Баланың бос уақытына арналған бағдарлама жоғары жас тобындағы – 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың бос уақытының және бас уақыт іс-әрекетінің ғаламдық жобасын әзірлеуге бағытталған. Формальды емес білім беру ұйымдары мектеп каникулдары күндері оның ұзақтық кезеңіне қарамастан барынша көп жұмыс істейді. Балалар лагерьлерге бара алады, онда оларға тұрғын жағдайлар ұсынылады.

Францияда әрбір оқушы елдің барлық мұражайларында болуға міндетті: жаңалықтар мұражайы, ғылыми қалашық, эволюция мұражайы, Лувр, Версаль және т.б..

Бүгінде балалар мен жастарда дербестікті, өзін еңбек нарығының контекстінде бағалау іскерлігін, кәсіби бәсекеге қабілеттілікке және ұшқырлыққа талпынысты мақсатты түрде қалыптастырып отырған дамыған елдер аз емес.

Әлемнің көптеген елдерінде техникаға деген тұрақты қызығушылықты, рационализаторлық және өнертапқыштық бейіндерді, техникалық ойлауды дамытуға бағытталған балалар мен жастардың техникалық шығармашылығына ерекше көңіл бөлінеді. Басымдық электронды техниканы, автоматиканы, техникалық кибернетиканы, машина және станок жасауды зерделеуге беріледі.

Еуропаның **Франция, Голландия, Швеция, Германия, Болгария, Финляндия** сияқты елдерінде **барлық оқушылар оқудың 7-ші жылында өздерінің ары қарайғы жолдарын таңдауда белгілі бір шешімге келулері тиіс.**

Канада елі оқушыларға ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы шығармашылық еңбекке әзірленуде, мамандық

таңдауда көмек көрсетудің қызықты тәжірибесіне ие. Оқушылар үшін «мамандықтар әлемін» танудың маңызды формасы кәсіби бағдарлаудың мамандандырылған орталықтарындағы («таңдау орталықтарындағы») дербес оқулар болып табылады. Бұл шамамен төрт мыңдай мамандық туралы ақпарат алуға болатын мекеменің ерекше түрі.


Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша мектептен тыс курстар АҚШ-тың Пенсильвания штатындағы Джонс Хопкинс университетінің Дарынды Жастар Орталығының (СТҮ) жазғы лагерінде ұсынылады. Бүкіл әлемнен жиналған академиялық дарынды оқушыларды біріктіре отырып, СТҮ жазғы лагері оқушылардың жоғары қабілеттеріне және олардың академиялық қабілеттері мен оқуға деген сүйіспеншіліктері ортақ құрдастарымен жұмыс істеу қажеттіліктеріне негізделген бірегей білім беру тәжірибесін ұсынады. Бағдарлама қабілетті балалардың әлеуетін толық көлемде зерттеуге және ашуға көмектеседі.

Халықаралық тәжірибе ерте балалық шақтан ер жеткенге дейінгі адам капиталына және оның ішінде білім беруге құйылған инвестициялар экономика мен қоғам үшін айтарлықтай пайда әкелетінін көрсетіп отыр. Әлемде балалардың, жастардың, қоғамның назарын көрмелер, мұражайлар және ғылыми-білім беру бағдарламалары арқылы ғылымға тартуға бағытталған ірі орталықтарды құру іс-тәжірибесі бар.

Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, АҚШ-та балалар инновациясын дамыту стратегиялық мемлекеттік бағдарлама дәрежесіне көтерілген. Балалардың инновациялық орталықтарын құруға құйылатын инвестициялар көлемі ондаған есе ұлғайған.

1853 жылы Сан-Францискода натуралист-ғалымдар тобы Калифорния штатының Ғылымды насихаттау орталығын – **Калифорнияның Ғылым академиясын** (California Academy of Sciences) құрады. Қазіргі уақытта ол халықаралық ғылыми және білім беру орталығы болып табылады. Мұраты – табиғатты зерттеу және сақтау, қоғамда ғылымды зерттеуге тарту. Орталықта аквариум, планетарий, жаратылыстану мұражайы, тропикалық орман, жер сілкінісінің симуляторы бар. Жануарлар әлемінің 40 мыңнан астам түрі бар.

Парижде Ғылым және индустрия қалашығы (La Cité des Sciences et de l'Industrie) жұмыс істейді – келушілер саны бойынша Лувр мен Помпиду орталығынан кейін үшінші орынды алады. Мұраты – ғылыми-техникалық білімді балалардың, жасөспірімдердің арасында тарату және азаматтардың ғылымға, зерттеулерге және өнеркәсіпке деген қызығушылықтарын ынталандыру. La Cité В. Жискара д'Эстеннің бастамасы бойынша 1980 жылы бұрынғы ет өнімдері павильонының базасында құрылған.



2010 жылы La Cité және Жаңалықтар сарайы Н. Саркозидің бұйрығы бойынша (2009 ж.) индустриалды-коммерциялық орталық дәрежесі бар «Universcience» бірыңғай мұражайына біріктірілді. Аталмыш дәреже мұражайды зерттеу институттарының және индустрия секторының қатысуымен басқару үлгісін қарастырады.

La Cité орталығында ұшақта ұшуды, адам денесінің ішіне саяхаттауды имитациялайтын аттракциондар, барокамералар, ракеталар және әскери суасты қайығы, планетарий, экожүйелердің түрлі типтері



және т.б. бар.

Оқушылардың аталмыш орталықта болуы міндетті оқу бағдарламасына енгізілген.

Куала Лумпур ғылымның ұлттық орталығы (Pusat Sains Negara) 1996 жылы

Премьер-министр Махатхир Мохаммадтің қатысуымен ашылған. Орталықтың мұраты – балалар мен жастардың ғылымды білуге деген қызығушылығын арттыру. Басқару мен қаржыландыруды Ғылым, технологиялар және инновациялар министрлігі іске асырады.

Будапештте **Ғажайыптар Сарайы (Csodák Palotája)** құрылған.

Оны құруға 1993 жылы халықаралық Рубик қорының және Венгр Ғылым Академиясының қолдауымен Лоранд Этвеш атындағы физиктер қауымдастығы өткізген мобильді ғылыми ойын алаңдары бағдарламасы себепкер болды.

1996 жылы Рубик Қоры және Будапешт ғылым орталығы қоры тұрақты көрмелер базасында Ғажайыптар Сарайының негізін



қалады. Ғажайыптар Сарайы – Шығыс Еуропадағы осындай түрдегі алғашқы орталық, ол көрмелерді, логикалық ойындарды және жаңа технологияларды (лазерлі экран, оптикалық мозаика) қолдану арқылы ғылымды интербелсенді оқытудан тұрады. Мұраты – мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалардың жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылықтарын дамыту.

Қазіргі уақытта әлемнің 40 елінде 500-ден астам балалар ғылыми қалашығы жұмыс істейді.

Аталмыш орталықтардың, саябақтардың, ғылыми қалашықтардың, балалардың бейінді лагерьлерінің мақсаты – балаларды ғылым мен технология саласындағы өз білімдерін зерттеуге және дамытуға тарту, болашақ ғалымдардың, инженерлердің буынын әзірлеу және қоғам мен ғылым арасындағы тығыз байланысты арттыру.

Келтірілген мысалдардың ортақ сипаттары:

орталықтарды құруда түрлі салалардағы ең озық технологияларды қолдану;

оқыту бағдарламаларының және ғылыммен өз еркімен танысу бағдарламаларының болуы;

мемлекеттік-жекеменшік кәсіпорын үлгісін қолдану;

мемлекет басшыларының, ірі өнеркәсіптік компаниялардың, қоғамдық қорлар және корпорациялар басшыларының бастамалары және қатысулары бойынша құрылу.

Еуропа кеңесі ФЕББ іс-әрекеттерін сараптай отырып төмендегі қорытындылар жасады:

Формальды білім беру жүйесі жеке дара жұмыс істей отырып ұдайы ұлғаятын технологиялық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге сәйкес келе бермейді, сол себепті ол формальды емес білім берудің әс-тәжірибесімен байытылуы тиіс;

Үкімет және тиісті билік ұзақмерзімді келешекте формальды емес білім беру ұйымдарын de facto серіктестер ретінде танулары және формальды емес білім беруді баршаға қолжетімді етуі тиіс;

ФЕББ балалар мен жастарға үнемі өзгеріп отыратын ортаға бейімделуге арналған іскерліктерді, дағдыларды және күзиреттіліктерді меңгеруге және дамытуға мүмкіндік беретін «өмір бақи оқыту» тұжырымдамасының ажырамас бөлшегі болып табылады.



Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы


Балаларға қосымша білім беру жүйесі Қазақстанда 1990 жылы пайда болды. Ол кеңестік кезеңдегі сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстың ізбасары болып табылды.

XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап ақпараттың жаңа арналары мен көздері пайда болуы, қазіргі әлемнің кез келген ақпараттық сегментіне қолжетімділік мүмкіндігінің күрт артуы жағдайларында мектептің білімді, дағдыларды және жүріс-тұрыс үлгілерін қалыптастыруға деген монополияны жоғалту үдерісі барынша анық көрініс табуда. Балаларға қосымша білім беру саласының әлеуеті зерттеу тақырыбына айналып, саясаткерлердің назарына ілігуде.

ТМД және Еуропа елдерінің қосымша білім беру ұйымдарындағы балалардың қамтылуына салыстырмалы талдау төмендегіше көрініс табады: *Қазақстан Республикасы - 23,9%; Беларусь Республикасы – 44%; Өзбекстан – 16,9% 1-9 сыныптар, Тәжікстан Республикасы – оқушылардың жалпы санынан 1 %, Ресей Федерациясы – 5 жастан 18 жасқа дейін 49, 1%, Еуропа елдері – 50%-дан жоғары.*


Қазақстан Республикасындағы ағымдағы жағдай. Қосымша білім беру жүйесімен барлығы 1590724 оқушы **(60,5%) қамтылған:**

833 қосымша білім беру ұйымында (2012 ж. – 641 бірлік) 620 мыңнан астам бала (23,9 %) қамтылған (2012 ж. – 22,9%);



59 мың мектеп үйірмелерінде – 961 мыңнан астам (36,6%) (2012 – 35,1%) бала қамтылған.

2012 год- 53 272 ед., охват – 871 437(35,1%) школьников,
2014 год - 59 006 ед., охват– 961 524 (36,6%) школьникова




Балалар мен жасөспірімдердің қосымша білім беруге деген құқықтары жалпы білім беретін мектептерде де, мектептен тыс ұйымдар желісінде де қамтамасыз етіледі: *балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының Сарайлары, Үйлері, Орталықтары, кешендері, студиялары, жас техниктер, туристер, натуралистер станциялары және базалары, балалардың музыкалық, спорттық мектептері, өнер мектептері, қызығушылықтар бойынша клубтар, спорттық, сауықтыру, туристік лагерьлер және т.б.*

Балалар **ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, әскери-патриоттық және әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет** салаларындағы мамандықтарды таңдау тәжірибесін меңгереді.

Соңғы 3 жылдың ішінде қосымша білім беру ұйымдары санының **192** бірлікке артуының оң үдерісі байқалады: Ақтөбе (11), Алматы (39), Жамбыл (22), Қызылорда (16), СҚО (21), ОҚО (32) және басқалар.

(анықтама: оқушылар сарайлары – 198 (2012 - 189); жас туристер станциялары – 35 (2012 -26); жас техниктер станциялары – 25 (2012 - 21); жас натуралистер станциялары – 19 (2012 – 18); музыкалық мектептер – 200 (2012 – 206); көркемдік мектептер – 30 (2012 – 30); өнер мектептері – 127 (2012 – 110); аулалық клубтар (ЗТ) – 51 (2012 –31); сауықтыру лагерьлері – 148 (2012 – 11); оның ішінде жыл бойғы (ЗТ) – 7 (2012 – 5).



Мектеп оқушыларының қосымша білім берумен барынша көп қамтылуы Батыс Қазақстан – 84,9 %, Шығыс Қазақстан – 59,1%, Қостанай – 59 %, Павлодар – 58 %, Солтүстік Қазақстан – 52,5 %, Ақтөбе – 48 %, Қарағанды – 45,2% облыстарында.

Қосымша білім берудің жекеменшік ұйымдары саны 68 бірлікке көбейді. 833 ұйымның ішінде 106-сы – жекеменшік (2013 – 38), оларға 55654 (6979) бала барады, бұл оқушылардың жалпы санының 2,1 %. (Анықтама: оқушылар сарайлары – 8; көркемдік мектептер және өнер мектептері – 26, сауықтыру лагерьлері – 72).

Ұйымдардың материалдық-техникалық базаларын нағайтуда оң өзгерістер орын алуда.

1. Типтік орынжайларға орналасқан ұйымдардың саны **138** бірлікке ұлғайды (2014 ж. – 321, 2012 ж. - 163).

2. Күрделі жөндеуді талап ететін ұйымдар саны **70** бірлікке азайды (2014 ж. – 109 бірлік, 2012 ж. – 179 бірлік).

3. Апаттық жағдайлардағы ұйымдар саны **20** бірлікке азайды (2014 ж. – 2 бірлік, 2012 ж. – 22 бірлік).

4. Мектептен тыс ұйымдардың материалдық жарақталуы **64,8 %** құрайды (2012 ж. - 60%, ауылда – 52,0%).



Қосымша білім беру ұйымдарын 2014 жылы жергілікті бюджеттен қаржыландыру **шамамен 24 млрд. теңгені** құрады. Бір балаға шығын жылына орта есеппен – шамамен **40 мың теңге** (Ресейде – 10 мың рубль, Беларусьта – 5 мың рубльға дейін).

Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы жұмыспен қамтылуын ұйымдастырумен **70 мыңнан астам** маман айналысады:

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының **18 мыңнан астам** педагогтары; балаларға қосымша білім беру ұйымдарының 18 мыңнан астам педагогтарының ішінде:

- жоғары педагогикалық білімі барлар – 11006, 59,8% (2012 – 9697, 58,3%);


- орта педагогикалық білімі барлар – 2728, 14,8% (2012 – 2269,14 %);

- жоғары бейінді білімі барлар – 2800, 15,2% (2012 – 2718, 16 %);

- орта арнайы бейінді білімі барлар – 1787, 9,7 %, (2012 – 1642 (10 %);

- білім жоқтар – 147, 0,8%.

- **шамамен 52 мың** мектеп үйірмелерінің жетекшілері.





2014 жылы біліктілікті арттыру курстарынан 4902 қосымша білім беру педагогы өтті (26,6 %).

Қосымша білім беру ұйымдарының қызметі ҚР-ның «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарымен; 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен; ҚР Премьер-Министрінің «2011-2015 жылдардағы жазғы каникул кезеңдерінде балалардың сауқытыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» үкімімен; 2012-2016 жылдарға арналған оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық іс-әрекеттер жоспарымен; Барлық білім беру ұйымдарында оқыту үрдісінің тәрбие беру компонентін күшейту бойынша тиіптік кешенді жоспармен реттелген.

Балаларға қосымша білім берудің авторлық бағдарламаларының жинақтары, «Темірқазық» және «Экоәлем» балаларға арналған танымдық журналдары, педагогтарға арналған «Қосымша білім және тәрбие» журналы шығарылған.

Балаларға арналған «www.ziyatker.org» ғылыми-танымдық сайтының базасында бағыттар бойынша балалардың интернет қауымдастықтары, жас натуралистердің,



туристердің, өнертапқыштардың, музыканттардың, суретшілердің, коллекционерлердің электронды клубтары құрылған.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында іс-әрекеттің әлеуметтік-педагогикалық үлгілері барынша тиімді енгізілуде, себебі аталмыш мекемелердің дәстүрлері, жұмыс стильдері және әдістері қоғам ерекшелігін барынша ескереді. Осының салдарынан балалар азаматтық жүріс-тұрыс тәжірибесін, демократиялық мәдениет, тұлғаның өзіндік құндылығы, мамандықты саналы таңдау негіздерін жинақтайды; әлеуметтік өмірдің түрлі аспектілері бойынша білікті көмек алады, бұл балалар мен жастардың өмірдің өзгергіш жағдайларына әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары, әдетте, әрбір балаға тең «бастапқы» мүмкіндіктер беріп, балалар мен олардың ата-аналарының тез өзгеріп тұратын қажеттіліктеріне дереу әрекет етеді, дарынды оқушыларға көмек пен қолдау көрсетіп, оларды жеке дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтереді.

Республикада фестивальдар, музыкалық конкурстар, көркемөнер көрмелері, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетанушылық бағыттағы республикалық және облыстық сайыстар, олимпиадалар өткізіледі.

Қазақстанның жас суретшілері, музыканттары, туристері, жартасқа өрмелеушілері және техниктері Азияның, Еуропаның чемпиондары, әлемдік кубоктар мен біріншіліктердің чемпиондары мен жүлдегерлері болып табылады.



Балаларға қосымша білім берудің ашық әлеуметтік жүйе ретіндегі икемділігі көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру, әлеуметтік серіктестікті дамыту, әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Балаларға



қосымша білім беру жүйесі ведомствоаралық негізде дамиды және дарынды балаларды қолдау мен дамытудың кепілі болады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде **оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру** айтарлықтай орын алады.



Ғылыми-техникалық бағыттағы бағдарламалар бойынша жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында 2,6 млн. мектеп оқушысының ішінде барлығы **47 мыңнан астам** бала айналысады. Олардың **75%** (37 937 адам) ұлдар құрайды және бар-жоғы **25%** (11 965 адам) – қыздар құрайды. Балалардың техникалық шығармашылықпен жалпы қамтылуы **1,8%** құрайды.

Республикадағы балаларға қосымша білім беру ұйымдарында бастапқы техникалық модельдеу, әуе аппараттарын модельдеу, кемелерді модельдеу, автокөліктерді модельдеу және зымырандарды модельдеу сияқты техникалық шығармашылық түрлері бойынша белгілі бір іс-тәжірибе жинақталған.

Техникалық шығармашылықтың дәстүрлі түрлерін дамытумен қатар қосымша білім беру ұйымдарында қазіргі балалар мен жастар үшін өзекті жаңа бағыттар да белсенді дамуда.

Айталық, Қарағанды қаласының Балалар және жасөспірімдер сарайы базасында Жас зерттеушілердің Орталық Азиялық кіші ғылым

академиясы жұмыс істейді. 36-дан астам балалар бірлестіктерінде жас медиктер, бағдарламалаушылар, техник-конструкторлар, физиктер, математиктер айналысады.

Техникалық шығармашылықтың бағдарламалау, информатика және ақпараттық технологиялар, компьютерлік дизайн, компьютерлік графика, медиадизайн, жобалық-зерттеу іс-әрекеті сияқты бағыттары қарқынды дамып келеді.

Павлодар қаласында Оқушылар сарайының ауыл мектептерінің оқушыларын журналистика негіздеріне және компьютерлік дизайнға қашықтықтан оқыту бойынша «Юниор – экспресс» жобасы назар аударуға тұрарлық.

Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары жоғары оқу орындарында «Квант», «Информатика», «Интеграл» техникалық шығармашылық үйірмелерінің, Алматы қаласының Жаңа технологиялар колледжінде «Заманауи технопарктердің» ашылуы кең қолдау тапты.

Қазақстандағы оқушылар арасында ғылымды насихаттайтын ірі жоба Астана қаласындағы Оқушылар сарайының Ұлттық Интербелсенді паркі болды. Тағы бір ірі жоба болып елдегі тұңғыш ғылым мен техниканың виртуальды мұражайын құру табылады, онда Қазақстанның негізгі салаларын қосымша шынайылық технологиясын қолдану арқылы ұсыну бойынша жұмыстар жүргізілуде. Білімді балаларға жақындату, оларды қызықтыру – жаңа технологиялардың басты міндеті.

Балалар мен жастар арасында ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту және роботты техниканы насихаттау мақсатында роботты техника бойынша сайыстар өткізіледі, олардың ұлттық үйлестірушісі болып «Назарбаев зияткерлік мектебінің» автономды білім беру ұйымдары табылады.

Көп жағдайларда техникалық бағыттағы бірлестіктер балаларды, негізінен мектеп есебінде, кәмелетке толмағандардың ісі және оларды қорғау бойынша комиссияның есебінде тұрған ұлдарды оқыту, тәрбиелеу және шығармашылық дамыту үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, маңызды алдын алу қызметін атқарады.

Балаларға экологиялық-биологиялық қосымша білім берудің негізін 18 жас натуралистер станциясы және экологиялық-

биологиялық орталық (16 мыңнан астам бала) құрайды, олар табиғат қорғау іс-әрекетіне, оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған. Балаларға қосымша білім берудің экологиялық-биологиялық бағыты баланың табиғатты қорғауға, туған өлкесінің биологиясын, географиясын, экологиясын зерттеуге деген қызығушылығын туғызады, үздіксіз экологиялық білім берудің негізгі бөлігі болып табылады.

Экологиялық-биологиялық, өлкетану іс-әрекетінің түрлі формаларының бай арсеналына Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласындағы Полковничий аралында орналасқан Облыстық балалар биологиялық орталығы ие. Биологиялық орталық қазіргі уақытта Қазақстандағы оқу-тәрбиелік, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, табиғатты қорғау, биологиялық-насихаттық, мәдени-ағартушылық және өндірістік іс-әрекеттерді ұйымдастыратын мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының ішіндегі ең үздігі болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі басым бағыт лайықты түрде **балалар туризмін және өлкетануды дамыту** болып табылады.

Республикада туристік-өлкетанушылық білім беру іс-әрекетін **35** жас туристер мен өлкетанушылар станциясы және орталығы іске асырады. Оларда **19 мыңнан астам** мектеп оқушысы айналысады. Жалпы білім беретін мектептердің туристік-өлкетанушылық үйірмелерінде және бірлестіктерінде, балалар шығармашылығы сарайларында, орталықтарында 7 жастан 17 жасқа дейінгі **60 мыңнан астам** оқушы айналысады. Балалардың жалпы қамтылуы оқушылардың жалпы санынан **2,6 пайызын** құрайды (2004 ж. – 1,5%).





Соңғы бес жыл ішінде туристік-өлкетанушылық бағыттың қарқынды даму динамикасы байқалады (2004 ж. – қамтылу 5033 адам, 2014 ж. – 67 120 адам).

800 мыңнан астам бала мен жасөспірім оқушылардың «Атамекен», «Болашақ», «Жас Ұрпақ», «Шұғыла» және т.б. туристік-өлкетанушылық қозғалыстарының түрлі бағдарламаларын іске асыруға қатысады.

Мектеп оқушыларының «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетанушылық экспедициясы аясында жыл сайын ондаған жаяу, шаңғы, су, велосипед сапарлары, сан алуан маршруттар бойынша экспедициялар мен экскурсиялар өткізіледі, оларға мыңдаған жас туристер және олардың ересек тәлімгерлері қатысады. Жергілікті тарихи және табиғи ескерткіштерден бастап Отанымыздың елордасы – Астана қаласына және елдің өзге де өңірлеріне дейін «Туған өлкенің айырықша орындарынан – Қазақстанның қасиетті жерлеріне» оқушылар экскурсиялары ұйымдастырылады.

1960 жылы құрылған Батыс Қазақстан облыстық Балалар мен жасөспірімдер туризмі және экологиясы орталығы қазіргі уақытта осы саладағы Қазақстанның озық қосымша білім беру ұйымдарының біріне айналды, 35 туризм орталығының 14-і – Батыс Қазақстан облысында.

Орталық жанында Мәскеу халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануы академиясының қазақстандық бөлімшесі, «Балалардың даму академиясы» қоғамдық бірлестігі, «Этюд» бейнелеу студиясы жұмыс істейді. Орталық базасында республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу игі дәстүрге айналған.

«Жайық-Орал» оқушылардың су экспедициясы ерекше танымалдыққа ие болды. Өткен уақыт ішінде ол үгіт-насихат науқанынан өзінің жүйесі және құрылымы бар кешенді туристік-экологиялық экспедицияға түрленді, Батыс Қазақстанның Оралға және оның атырауына жапсарлас Ресей өңірлерінің де көптеген жастарын біріктірген экологиялық қозғалыстың мықты өзегіне айналды. Аталмыш іс-шараның бағдарламасына «Орал маңының шағын өзендері» экологиялық-өлкетанушылық экспедициясы, «Таза ауыл», «Орал маңының жасыл желкені», «Өз ағашыңды отырғыз, турист» науқандары, бердинг (спорттық орнитология) бойынша сайыстар және «БҚО табиғат ескерткіштері» экологиялық экспедициясы енеді.

Бар әлемде туындаған экология, орман алқаптарын сақтау, өзендер мен басқа да су қоймаларын тазарту, өсімдіктер мен хайуанаттар әлеміне ұқыпты қарау мәселелері, - осының барлығы өскелең ұрпақтың сана-сезімінің өзгеруін, балаларға қосымша білім беру мекемелерінің қызметін эколого-биологиялық бағыттанушылық саласында жетілдіруді талап етеді; балалармен жұмысқа жетекші ғалымдар мен мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

«Каспий маңы өңірінде туризмді дамыту» жыл сайынғы халықаралық форумын өткізу аясында Маңғыстау облысы әкімдігі мен Байқоңыр қаласы әкімшілігі арасында балалар туризмін дамыту туралы ақпаратпен алмасу дәстүрге айналуда.

Павлодар облысының «Экотуризм және өлкетану» облыстық орталығының базасында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициясы жобасы табысты іске асырылуда. Аталмыш орталықтың оқу үрдісі өлкетанушылық жұмыста, сондай-ақ туристік-спорттық дағдыларда, ғылыми-зерттеу жұмысында жоғары және жеке командалық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

Патриоттық сана-сезімді қалыптастырудың және Қазақстанның жас азаматтарын қоғамдық өмірге қарқынды араластырудың тиімді

құралы болып түрлі бағыттар: тарихи, әдеби, экологиялық, географиялық, натуралистік, геологиялық, археологиялық және басқалар бойынша туристік-өлкетанушылық жұмыс табылады.



Туристік-өлкетанушылық бағыт оқушыларды туған өлке туралы біліммен байытады, оған деген сүйіспеншілікті баулиды және азаматтық ұғымдардың қалыптасуына септеседі. Туристік-өлкетанушылық жұмыстың негізінде іздену, күресу, өткенге деген қызығушылық жатыр, олар оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қызығушылықтарын дамытады, шығармашылық іс-әрекетке тартады, іс-тәжірибелік және зияткерлік іскерліктерді қалыптастарады, мамандық таңдауда көмектеседі.

Біздің еліміздегі балалар мен ата-аналар арасындағы барынша бұқаралық және танымал болып **көркем-эстетикалық қосымша білім беру** орталықтары табылады.

Көркемдік білім берудің қазіргі кезеңіндегі мақсаттары болып табылады:

- «Мәңгілік Ел» халықтың ұлттық идеясын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- білім берудегі мәдениет пен өнердің маңыздылығының жалпы деңгейін көтеру;
- көркемдік-эстетикалық сана-сезімді қалыптастыру, ол арқылы адам халықтың мәдениетіне өзіндік қатыстығын сезіне алады;
- көркемдік білім берудің кешенді бағдарламасын құру;
- мәдениет және өнер саласындағы көркемдік білім беру мекемелерінің қалыптасқан жүйесін дамыту.

Осылардан қорыта келгенде, көркемдік білім беру келесі міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге шақырылған:

✓ халықтың этникалық, әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген барлық топтарының эстетикалық қажеттіліктері мен талғамдарын қалыптастыру және дамыту;

✓ Қазақстанның көркемдік білім беру жүйесі үшін өнер және мәдениет саласындағы шығармашылық кадрларды, сондай-ақ, педагогикалық кадрларды кәсіби қызметке даярлау;

✓ өнер саласындағы отандық кәсіби білім беру дәстүрлерін сақтау және жаңа ұрпаққа беру;

✓ Қазақстан азаматтарын отандық және шетелдік көркемдік мәдениетке, Қазақстан халықтары шығармашылығының ең үздік үлгілеріне, классикалық және заманға сай өнерге тарту;

✓ өнердің адамгершілік әлеуетін тұлға мен қоғамның этикалық қағидаттары мен мұраттарын қалыптастыру және дамыту тәсілдері ретінде жүзеге асыру;

✓ көркемдік білім беруді балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік туғызатын зиялы жетілдіру ықпалы ретінде кеңінен енгізу;

✓ Қазақстан халқының көркемдік дәстүрлерін зерделеу арқылы ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру;

✓ өнердің, көркемдік-шығармашылық қызметтің мүмкіндіктерін түзету педагогикасы, халықтың барлық топтарын арт-терапияның заманға сай әдістерін енгізу арқылы халықтың барлық топтарын психофизикалық сауықтыру мақсаттарында;

✓ бейресми тәртіптің алдын алу және түзету үшін балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени бейімделуі мақсатында көркемдік білім берудің ресурстарын тарту;

✓ халықтың барлық топтарын базалық көркемдік-тәжірибелік дағдыларды игеруді шамалайтын белсенді шығармашылық қызметке тарту;

✓ көркемдік дарынды балалар мен жастарды анықтау, олардың білім алуы мен шығармашылық дамуына сәйкес жағдай жасалуды қамтамасыз ету.

Балалар жүрекпен өмір сүреді, олардың бойларында рухани және адамгершілік құндылықтардың қуаты бар, олар Ақиқат, Сұлулық, Махаббат, Мейірімділікті жарату үшін дүниеге келеді, ал бұлардың жиынтығы адамның рухани өмірінің өзегін құрайды.

Мәдениет пен өнер саласындағы білім беру – бұл білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі.

Бүгінде Қазақстанда **127** Өнер мектебі, **198** Оқушылар сарайлары мен үйлері бар, оларда **127** көркем бөлімшелер жұмыс істейді. Еліміздің барлық дерлік өңірінде көркем мектептер ашылған, олардың саны **30-ды** құрайды. Көркем шығармашылықпен шамамен **120 мың** бала қамтылған. Балалардың көркем мектептері және өнер мектептерінің, техникалық мектептердің көркемдік бөлімшелері көркем



білім беру жүйесіндегі бастапқы буын болып табылады.

Нақ соларда бейнелеу грамотасының негіздеріне оқыту, эстетикалық талғамның қалыптасуы, оқушылардың әлемдік көркем мәдениетке, ғылым мен техниканың негіздеріне,

ұлттық дәстүрлерге тартылу, сондай-ақ білімдерін арнайы және жоғары оқу орындарында жалғастыру үшін барынша дарынды оқушыларды анықтау басталады.

Жыл сайын республикада ондаған көркем конкурстар ұйымдастырылады, халықаралық көркем шеберлік сайыстарына, көрмелерге, пленёрларға біздің балалар үнемі қатысады.

Конкурстық-көрмелік іс-шаралардың мұндай жүйесі тек дарынды балаларды анықтауға, оларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке тартуға ғана емес, сондай-ақ кәсіби дағдыларды жетілдіруге де септеседі.

Қазақстанда көркем мектептер базасында құрылған ЮНЕСКО клубтары балалар мен жастар үшін өте қызықты, өйткені шығармашылық қайталанбаушылық арқылы өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі тануға, өмірдегі өз орнын табуға, жалпы адамзаттық құндылықтардың жоғары ұстанымдарына және нормаларына сәйкес өмір сүруге мүмкіндік береді.

Клубтық іс-әрекетке тарту өнер әлеміне жол ашады, сонымен қатар Қазақстанның өскелең ұрпағының мәдени мұраны сақтауына септеседі.

ЮНЕСКО-ның алғашқы қазақстандық Клубы Ә.Қастеев атындағы бейнелеу өнері мен техникалық дизайн мектебі болды.

Осы ұжымның он жылдық қызметінде көп жұмыс атқарылды. Бұл Мектепке түсуге көпшілік талпынады, себебі мұнда әр баланың бейнелеу өнерінің алуан түрін игеруге, алғашқы көркемдік білім алуға, өзінің жеке басының талантын көрсетуге мүмкіндігі бар.

Тұлғаны тәрбиелеуде, оның шығармашылық дамуы мен өзіндік дамуындағы қажетті буын – бұл көркемдік білім беру.

200 бала музыкалық мектептерде, **30** бала көркем мектебінде және **127** бала балалардың өнер мектебінде **шамамен 123 мың** бала оқиды.

Музыкалық және көркем бағыттағы балаларға қосымша білім беру ұйымдары кәсіби-бағдарлы бағдарламаларды да, жалпы көркем-эстетикалық дамудың білім беру бағдарламаларын да іске асырады, мәдени-ағарту және мәдени-бос уақыт функцияларын атқарады, балаларды көркем құндылықтарды тұтыну қасиеттеріне тәрбиелейді. Көркем білім беру балаға тануға және шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілікті қабылдауға, өзін-өзі барынша іске асыруға, пәндік, әлеуметтік, кәсіби, жеке тұрғыда өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді.

Өнермен айналысу балалардың музыка, хореография, цирктік, театральды, бейнелеу, декоративті-қолданбалы өнер салаларындағы қабілеттерін дамытады; көркем-эстетикалық талғамды қалыптастырады; ұжымда жұмыс істеу, үлкен сахнада өнер көрсету, көрмелерге қатысу іскерліктерін тәрбиелейді; кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектеседі, өнер мен мәдениеттің орта, арнайы және жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыру үшін барынша дарынды балаларды анықтайды.



Декоративті-қолданбалы шығармашылық сабақтарында балалар ерте жастан бастап халық өнерінің, ұлттық мәдениеттің, халықтық салт-дәстүрлердің қайнар көздеріне тартылады және түрлі материалдардан бірегей бұйымдар жасайды. Республиканың барлық қосымша білім беру ұйымдарында халық шығармашылығының дәстүрлерімен, қазақ халықтық бұйымдарының әзірленуімен және жұмыс технологиясымен танысу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Балалардың театрлық шығармашылығы біздің республикада дамыған және оқушылар арасында өте танымал. Әрбір облыста түрлі жанрлардағы мемлекеттік, орыс және өзге тілдердегі балалар театрлары жұмыс істейді.

Бейнелеу өнеріне оқыту көркем мектептерде, өнер мектептерінде, клубтарда, Оқушылар үйлері студияларында, аулалық клубтарда жүреді.

Әлеуметтік-педагогикалық бағыт – қосымша білім берудегі маңызды бағыттардың бірі.

Заманға сай әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы тұлғаны әлеуметтендіруге байланысты, оның ішінде баланың бос уақытын ұйымдастыруға қатысты көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады.

23 клубта қызығушылықтар бойынша, **13** жыл бойғы лагерьде, **7** аула клубында, сондай-ақ, қосымша білім беру мекемелерінің жанындағы **508** аула клубында **120** мыңнан астам баланың бос уақыты қамтамасыз етілген.

Республикада **120-дан** астам жауынгерлік даңқтың мектеп мұражайы, **500-ден** астам патриоттық бірлестік бар. Онда отыз мыңнан астам оқушылар айналысады. Оқушылардың әскери-патриоттық

тәрбиесі бойынша мектептер мен қосымша білім беру мекемелерінің жүйелі жұмыстары жүргізілуде, «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойындар, спорттың әскери-қолданбалы түрлері бойынша жарыстар, батылдық сабақтары, Ұлы Отан соғысы және әлемнің қызу нүктелерінің ардагерлерімен кездесулер, байқаулар өткізіледі.

Республикада балалар қоғамдық ұйымдары белсенді жұмыс істейді. Педагогикалық отрядтар мұғалімдер мен ата-аналарға жыл көлемінде балалардың бос уақытын ұйымдастыруға, сауықтыру мен жаз мезгілінде демалысты ұйымдастыруға көмектеседі. Аула клубтары мен бос уақыт орталықтары да белсенді жұмыс атқаруда.

Аула клубтарының ерекшелігі – бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру және тұратын орны бойынша балалармен шығармашылық жұмыстар жүргізу, ата-аналарды, жастарды, қоғамдық ұйымдарды тарту.

Республиканың білім беру мекемелерінде әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бірлестіктер табысты дамуда, олар білім алушылардың коммуникативтік, зияткерлік қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін түзету мен дамытуға, балалардың назарын көшенің кері әсернен аударуға бағдарланған.

Қосымша білім берудің оқу-сауықтыру бағыты демалыс мерзімінде белсенді демалыс пен сауықтыруды қамтамасыз ету үшін балалардың зияткерлік, спорттық және шығармашылық әрекеттеріне бағдарланған. Демалыс мерзімінде оның аясында бейінді лагерьлер мен мектептер, экспедициялар мен іздеу отрядтары, білім алушылардың өзіндік, зерттеуші, шығармашылық әрекеттері ұйымдастырылады.



Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беруді дамытуға әсер ететін жағдайлар мен факторларға

талдау жасау, бұл бағыттың республикада жылдам дамуын қиындатып тұрған негізгі себептерді белгілеуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінің қорытындылары балалар мен оқушы жастардың арасында, бір жағынан, бірлестікке, олардың рөлін қоғамда мойындауға, өз ойын білдіру мен өзін-өзі танытудың жолдары мен формаларын өз бетімен таңдауға қарқынды талпыныс байқалады. Екінші жағынан, жасөспірімдердің азаматтық бастамасының өсімін көп жағдайда білім беру мекемелеріндегі өзін-өзі таныту үшін нақты жағдайлардың болмауы тоқтатып тұрады.

Балалар мен оқушы жастардың пікірінше, бос уақытты ұйымдастыру олардың қызығушылықтарына толық жауап бермейді. Білім алушылардың тек **6%-ы** ғана қызығушылықтары бойынша үйірмелерге (клубтарға) қатысады, **15%-ы** спортпен айналысады, **18%-ы** – компьютерде ойын ойнайды, **9%** - теледидар көреді, **69%** - өзінің еркіне қойылған.

Спорттық-сауықтыру туризмінің түрлерінің арасында жаяу туризм көп сұранысқа ие – онымен сұралушылардың **41%-ы** айналысқысы келеді, респонденттердің **36%-ы** тау туризмімен, құзға шығумен айналысқанды қалайды, **23%** -су туризмін қалайды.

Қазақстан бойынша туристік-өлкетану маршруттарына сұралушылардың **57%-ы** баруды қалайды, **40%-ы** – барғысы келмейді және **3%-ы** жауап берген жоқ.

Балалар мен оқушы жастардың адамгершілік-рухани, этикалық даму тұрғысында қауіп-қатерлі жағдай анықталған.

Мұндай жайттың себептерінің бірі тәрбиені әлеуметтік құбылыс ретінде, мақсатты үрдіс ретінде де бағаламаушылықта жатыр, ал оның нысандары болып балалар мен оқушы жастардың рухани, адамгершілік, патриоттық дамуы табылады.

Қосымша білім беру балалар мекемелерінің мекемелік қатыстылығының алуан түрлілігі соншалықты, ол жалпылама міндеттерді шешуге және бірыңғай талаптар қоюға мүмкіндік бермейді, сол арқылы балалар мен жастардың республикалық іс-шараларға қатысуын қиындатады, себебі кейбір ұйымдар білім мекемесіне, ал басқалары дене шынықтыру, туризм және спорт мекемелеріне қарайды.

Мақсаттардың бірыңғай векторының болмауы мен балаларға қосымша білім беру мекемелеріндегі мекемеаралық байланыстардың әлсіреуі білініп келеді.

Сонымен, Алматы қаласында, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарында техникалық шығармашылық орталықтары жоқ.

Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында және Астана қаласында жас туристер мен натуралистер станциялары жоқ.

Балаларға қосымша білім беру бойынша оқыту бағдарламаларының бар құрылымы мен мазмұны технологиялардың дамуының заманға сай деңгейіне, елдің экономикалық артықшылықтарына, балалар мен ата-аналардың сұраныстарына толық шамада жауап бере алмайды.

Техникалық шығармашылық бірлестіктерінде айналысатын кіші (9 477) және орта (27 629) мектеп жасындағы балалар санының тұрақты өсу беталысы байқалуда. Сонымен бірге жоғары сынып оқушыларының саны көп емес және техникалық шығармашылықпен айналысатын балалардың жалпы санының $\frac{1}{4}$ құрайды.

Балаларды қосымша білім беруге еліктіру деңгейі Батыс Қазақстан облысында **59,9%**, Оңтүстік Қазақстан облысында **14,1%**-ға дейін, Қостанай облысында **47,1%**, Алматы облысында **10,4%**-ға дейін, Шығыс Қазақстан облысында **44,4%**-дан **Атырау облысында 16%**-ға дейін өзгеріп тұр.

область	количество классов 1-11	сеть и контингент организаций дополнительного образования (образование)															
		ОДО системы образования	охват ОДО системы образования	% от числа школьников	в том числе												
					частные	в них детей	% от общего числа школьников	сеть, город	охват город	% от общего числа школьников	сеть, село	охват, село	% от общего числа школьников	девочки	% от общего числа школьников	мальчики	% от общего числа школьников
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
Акмолинская	104290	51	24622	23,6	2	18	0,0	22	16083	15,4	29	8539	8,2	11841	11,4	12781	12,3
Актюбинская	118040	58	40852	34,6	7	3500	3,0	34	26360	22,3	24	14492	12,3	22174	18,8	18678	15,8
Алматинская	314019	71	32772	10,4	31	9493	3,0	23	18309	5,8	48	14463	4,6	17538	5,6	15234	4,9
Атырауская	99835	35	15993	16,0	1	220	0,2	10	7289	7,3	25	8704	8,7	9277	9,3	6716	6,7
ВКО	169655	116	75325	44,4	20	13062	7,7	55	55145	32,5	61	20180	11,9	35230	20,8	40095	23,6
Жамбылская	191699	63	41354	21,6	4	2785	1,5	10	13157	6,9	53	28197	14,7	20210	10,5	21144	11,0
ЗКО	88628	57	53107	59,9	0	0	0,0	17	29089	32,8	40	24018	27,1	26372	29,8	26735	30,2
Карагандинская	175051	58	48309	27,6	5	3036	1,7	42	44747	25,6	16	3562	2,0	21754	12,4	26555	15,2
Костанайская	99793	47	46989	47,1	5	4645	4,7	18	24319	24,4	29	22670	22,7	23675	23,7	18009	18,0
Кызылординская	128303	36	34615	27,0	2	165	0,1	11	12025	9,4	25	22590	17,6	14008	10,9	20607	16,1
Мангистауская	106542	11	21164	19,9	0	0	0,0	6	17191	16,1	5	3973	3,7	9276	8,7	11888	11,2
Павлодарская	88946	47	30202	34,0	0	0	0,0	23	23766	26,7	24	6436	7,2	12693	14,3	17509	19,7
СКО	70509	57	20108	28,5	10	2983	4,2	18	7830	11,1	39	12278	17,4	6074	8,6	19339	27,4
ЮКО	576918	79	81199	14,1	11	14987	2,6	32	47029	8,2	47	34170	5,9	29769	5,2	51430	8,9
г. Алматы	191710	34	32045	16,7	8	760	0,4	34	32045	16,7	0	0	0,0	17978	9,4	14067	7,3
г. Астана	105966	12	25738	24,3	0	0	0,0	11	24514	23,1	1	1224	1,2	12553	11,8	13185	12,4
Республиканские	0	1	4806	0,0	0	0	0,0	1	4806	0,0	0	0	0,0	2512	0,0	2294	0,0
ИТОГО:	2629904	833	629200	23,9	106	55654	2,1	367	403704	15,3	466	225496	8,6	292934	11,1	336266	12,8

Ауылдық мекендерде техникалық бағыт бойынша балаларға қосымша білім берудің сақтық қорлары нашар ашылған. Ауылдық мекендерде техникалық шығармашылықпен 20 913 бала қамтылған, ол мектеп жасындағы балалардың жалпы санының **0,8%**-ын құрайды.

Мақсаттардың бірыңғай векторы мен еңбек нарығы және өндіріспен байланыстың әлсіреуі байқалуда. Білім берудің маңызды мәселесі дарынды балалар және жастармен жұмыстың жеткіліксіз мақсаттылығы да болып табылады.

Үйренушілердің талдамалы қабілеттерін дамытуда үйірмелер мен факультативті сабақтар көп мүмкіндіктерге ие. Үйірмелер мен факультативті сабақтар ой-өрісті, шығармашылық қабілеттерді дамытуға, өзіндік жұмыстарға машықтануға, дағдыландыруға жағдай жасайды және сол арқылы оқу пәндеріне даярлықтың сапасын арттырады.

Қосымша білім берудің әлсіз инфрақұрылымы (он бір аймақты ЖТС, ЖНС және БТШС болмауы), балалар және жасөспірімдер туризмнің, ғылыми-техникалық шығармашылықтың,

көркемдік және музыкалық мектептердің мекемелері орналасқан ғимараттардың техникалық ахуалы ерекше үрей тудырады.

БҚ ұйымдарының МТБ даму қарқынының артта қалуы байқалады (материалдық жабдықталуы - 64,8%, ауылдарды - 52%).

Мұндай ахуалдың себебі қаражаттың болмауында ғана емес, сондай-ақ, балаларға қосымша білім беру жүйесіне деген қатынастың дұрыс болмауында. Қосымша білім берудің **159** мекемесі типтік ғимараттарда орналасқан, қалғандары – бейімді немесе жалдамалы ғимараттарда.

Балалар музыкалық мектептері мен Балалар өнер мектептерінің жалпы санынан **20%-ы** ғана типтік ғимараттарды орналасқан, қалған **80%-ы** – бейімді ғимараттарда, мекемелердің **20%-ы** күрделі жөндеуді немесе ішінара қайта құруды қажет етеді. Техникалық шығармашылық орталықтарының **7** ғимараты күрделі жөндеуді талап етеді, **14** – бейімді ғимараттарда, **3** – мектептердің жанында орналасқан. Балалар туризмінің 10 орталығында меншікті ғимараттары жоқ, көптеген өз бетінше ұйымдастырылған туризм бірлестіктері жалпы білім беруші мекемелерде орналасуда. Мұндай ғимараттардың жартысына жуығы Оңтүстік Қазақстанда. Барлық қосымша білім беру мекемелерінің **50%-** нан көбі күрделі жөндеуді талап етеді.

Қосымша білім беру жүйесі заманауи жабдықтар мен құрал-саймандардан, оқу құралдарынан, компьютерлік техникадан, музыкалық аспаптардан, сапалы Интернет-байланысымен қамтамасыз етілуден қатты тапшылық көріп отыр.

Білім берудегі аймақтық компонентті жүзеге асыру үшін мектеп мұражайлары зор маңызға ие. Сонымен қатар, білім беру мекемелеріндегі көптеген мұражайлар ұйымдастырушылық-әдістемелік және материалдық қамсыздандыруда маңызды қиындықтар көруде. Білім беру мекемелерінің оқу-тәрбиелік үрдісінде мұражайлардың әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері педагогикалық ұжымдарда, білім беру басқармалары органдарының әдістемелік қызметінде әлі назарға ілініп, мәні түсінілген жоқ. Мұражай ісінің ынтагер-оқытушысының жұмысына білім беру мекемелерінің әкімшілігінің, педагогтердің тарапынан әрдайым тиісті көңіл бөлінбейді, қолдау көрсетілмейді. Білім беру мекемелеріндегі мұражайлардың басшыларын материалды ынталандыру үшін қосымша білім беру педагогтерінің, педагог-

ұйымдастырушының қызметтерін қолдану мүмкіндіктері нашар пайдаланылады.

2012-2013 жылдарда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің қосымша білім беру Республикалық оқу-әдістемелік орталығы жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижелері қосымша және жалпы орта білім беру жүйелерін біріктірудің қажеттілігін көрсетті.

Балаларға қосымша білім беру мекемелерінде оқу құралдарын алуға қаржыландырудың болмауы әкімшілікті және ата-аналарды ақшалай қаражат бөлуге тартуға мәжбүрлейді, ол білім беру қызметінің әр түрі бойынша оқу үрдісі шығындарының **20-дан 60%-ға** дейін құрайды

Қосымша білім алуға қолжетімділік пен балалардың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде маңызды кедергі болып қосымша білім беру саласының төмен құндылықты ахуалы, қосымша білім беру жүйесінің балалардың жас ерекшелігін есепке алғандағы өзекті әлеуметтік-экономикалық шақырулар мен мәтінінде ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық, көркемдік-эстетикалық бағыттар бойынша жеткіліксіз бағдарламалық-әдістемелік қамсыздандырылуы табылады.

Бұдан басқа, қосымша білім беру жүйесінің кадрлық, ақпараттық, материалдық және басқа да ресурстарын біріктірудегі инновациялық механизмдердің болмауы орын алып отыр, ауылдық мекендерде балаларға қосымша білім беру сақтық қорлары нашар ашылған. ЖОО және колледж педагогтарын даярлаудағы Типтік жоспарларда «Балаларға қосымша білім беру педагогикасы» пәні жоқ.

Педагогтардың қосымша білім берудегі ғылыми-әдістемелік қамсыздандырылуының қазіргі ахуалы білім алатын оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуді қажет етеді.

Қосымша білім беру саласында базалық даярлығы бар, қызықты және заманға сай бағдарламаларды жүргізу қабілетіне ие білікті педагогикалық кадрлардың жеткіліксіздігі байқалуда. Жоғары оқу орындарында қосымша білім беру саласында жұмыс істейтін кадрларды кәсіби даярлау жүйесі жоқ. Қосымша білім беру педагогтарының үздіксіз кәсіби білім алуы (оқытуы) бойынша

кадрларға тапсырыс беруші мекемелер мен білім мекемелерінің арасында біртұтас әрекеттесу жүйесі қалыптаспаған.

Біліктілікті арттыруды қамтамасыз ететін білім беру мекемелерінде олардың мекемелік бағыныштылығына байланыссыз, материалды-техникалық және оқу-зертханалық қамтамасыз етілуінде елеулі мәселелер қатары бар, ал ол шындығында оқу үрдісінің инновациялық бағыттылығына және білім беру сапасын көтеруге кедергі келтіреді.

Қосымша білім беру жүйесінің дамуын тоқтатып тұрған тағы бір маңызды мәселе – жеткіліксіз бюджеттік қаржыландыру. Білім алушылар қатысатын аймақтық және республикалық іс-шаралар жүйелерінің кепілді қаржыландырылмауы білім алушылар мен педагогтардың білім беру қызметін жетілдіруге деген уәждемесіне, қызмет мазмұнын дамытуға, қосымша білім беру жүйесіндегі балалар құрамын арттыру мүмкіндігіне кері әсерін тигізуде.

Қазақстанның аймақтар қатарындағы балаларға қосымша білім беру мекемелерін нормативтік қаржыландыру бойынша шағын тәжірибе толық шамада пайдаланылмайды, себебі оған тек еңбекақы шығындары ғана кіреді, қызметтің түрлері мен жүзеге асырылатын қосымша білім бағдарламаларының бағыттылығын ескермейді.

Жеткіліксіз қаржыландыру төмен әлеуметтік мәртебе мен қосымша білім педагогтарының еңбекақыларына әсерін тигізеді.

Бар кемшіліктерді жою, қосымша білім беруге жоспарлық келешекті сипат беру, бұл қызметті мемлекеттік саясаттың бастапқылығы ретінде тану қосымша білім беруге елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуға мүмкіндік береді. Бұл салаға инвестиция адам капиталының, әлеуметтік тұтастыққа, адамның бәсекеге қабілеттілік сапасын арттыруға әкеледі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың мақсаты, міндеттері және қағидаттары

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген елде жаңа инновациялық экономика құру мен технологиялық деңгейге жетудің мақсаты мен

міндеттері балаларға және жастарға қосымша білім беру жүйесін радикалдық жетілдірусіз шешілмейді.

Мақсат:

- білім берудегі қызмет көрсетулерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған қосымша білім беру жүйесінің сапасын жетілдіру.

Міндеттер:

- балаларға қосымша білім беру бөлігіндегі заңнамалық базаны жетілдіру;

- балаларға қосымша білім беру мекемелер жүйесін сақтау және дамыту. Жалпы орта және қосымша білім беру мекемелеріндегі қамтылған балалардың үлесін арттыру;

- қосымша білім алуда қолжетімділік пен тең мүмкіндіктерге мемлекеттік кепілде беруді қамтамасыз ету; балаларға қосымша білім беру тиімділігі мен сапалылығына қол жеткізу;

